

№ 09 (199)
ҚЫРКҮЙЕК 2024 ЖЫЛ

ДІВҮН



SARBAZ.KZ

Республикалық әскери-патриоттық журнал





МАЗМҰНЫ:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ
ЖЕМІСТІ ЖАРТЫ ҒАСЫР..... 4

СӨТ ТОҚПАҚБАЕВТЫҢ
ҚАРУЛЫ КҮШТЕР МЕН ЕЛ
АЛДЫНДАҒЫ ЕҢБЕГІ..... 8

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОШҚАРБАЕВЫ... 10

С ГЕРОИЗМОМ В СЕРДЦЕ..... 14

КӨК ЖҮЗІНІҢ ҚЫРАНЫ..... 21

ЗДЕСЬ НАЧИНАЕТСЯ
ПУТЬ В АРМИЮ 25

ЕКІНШІ ТҮЛЕКТЕРДІҢ
ЕРЛІК ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ..... 29

ИСКУССТВО ТОЧНОСТИ
И ТЕРПЕНИЯ 33

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ДӘРЕЖЕДЕГІ
СПОРТ ШЕБЕРІ БЕКЖАН
ТӨЛЕПОВ: «БАҒЫНДЫРАР
БЕЛЕСТЕРІМ КӨП»36



АУВІН

Республикалық әскери-патриоттық журнал

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЛАР

Тимур Аубакиров
Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР

Бахтиер Сұлтанұлы

ТІЛШІЛЕР

Рима Әбеуова
Фархат Кинжитаев
Алуа Исакова
Нариман Дюсенов

КОРРЕКТОРЛАР

Сымбат Нұрхайдарова
Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ

Журналда Думан
Құрманғалиевтің
фотолары пайдаланылған

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС Қазақстан
Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл
ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана
кешесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын
білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер
рецензияланбайды және авторларға
қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы
30-сәуірде №5341-Ж куәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 908 дана. Тапсырыс № 09



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ЖЕМІСТІ ЖАРТЫ ҒАСЫР



МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ,
ОТСТАВКАДАҒЫ ГЕНЕРАЛ-ПОЛКОВНИК СӘТ
ТОҚПАҚБАЕВ – МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗДІҢ
БАСТАУЫНДА ТҰРЫП, ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫНА ЗОР ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҰЛҒА.
СОНДЫҚТАН ОНЫҢ ОСЫ БІР ОРАСАН ЕҢБЕГІН
ЕСКЕРГЕН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ
ТОҚАЕВ ЖАҚЫНДА ӨЗ ЖАРЛЫҒЫМЕН ОҒАН
«ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ» АТАҒЫН БЕРДІ. СОНДАЙ-
АҚ, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ
СӘТ ТОҚПАҚБАЕВҚА АЙРЫҚША ЕРЕКШЕЛІК БЕЛГІСІ
– АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ БЕН «ОТАН» ОРДЕНДЕРІН
САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ТАБЫСТАДЫ.

Аталмыш атақтарды табыстау рәсімі «Ақорда» резиденциясында өтті.


Жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы сөз сөйлеп, Сәт Тоқпақбаевты қалың жұртшылық құрметтейтінін, оның еңбек жолы ел өмірімен тығыз байланысты болғанын айтты.

– Сіз қастерлі Отанымызға адал қызмет еттіңіз. Енді ғана тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болған жылдары аса жауапты міндеттерді атқаруға білек сыбана кірісіп кеттіңіз. Еліміздің тыныштығы

мен тұтастығын сақтау үшін орасан зор үлес қостыңыз. Шын мәнінде, мұны нағыз ерлік деп бағалауға болады. Қазір де қоғамға пайдалы істерді атқарып жүргеніңізді біз жақсы білеміз. Еліміздің лайықты азаматысыз, - деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Сәт Тоқпақбаев мемлекетіміздің қауіпсіздігі және еліміздің тыныштығы жолындағы еңбегін бағалағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Әділетті Қазақстан құру



ісіндегі зор еңбегіңізді және сүйікті Отанымызды халыққа жайлы елге айналдыру мақсатында жүзеге асырып жатқан саясатыңызды толығымен қолдаймын. Тәуелсіздігіміздің баянды

болуы жолында Сізбен әрдайым біргемін! Еліміздің іші даудан, сырты жаудан аман болсын! Отанымызда тыныштық, бірлік, ауызбіршілік әрдайым салтанат құрсын, - деді Сәт Тоқпақбаев.

Ал енді кейіпкеріміз жайында кеңірек мағлұмат бере кетейік. 1939 жылы 17 қыркүйекте Алматы маңында дүниеге келген Сәт Бесімбайұлы еңбек жолын жұмысшыдан бастап, Боралдай кірпіш зауытында вагоншы болды. Кейін Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Дипломды заңгер бола тұра, Сәт Тоқпақбаев бүкіл өмірін еліміздің күштік құрылымдарында қызмет етуге арнады. Прокуратура тергеушісінен Қазақ КСР МҚК жедел уәкіліне дейінгі қызметтік сатының бәрінен өткен ол 1993 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетін басқаруға тағайындалды.

Биыл 85 жасқа толған I дәрежелі «Даңқ», III және I дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері ескі жүйе бұзылып, жаңа мемлекет құрылған кезеңді ризашылықпен еске алады. Өйткені ол еңсесін енді тіктеген жаңа мемлекеттің құрылысына бір кісідей өз үлесін қоса алды. Генерал-полковник Сәт Тоқпақбаевтың еліміздің мемлекеттік құрылымдарын қалыптастыруға және қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесін қалай бағаласақ та артық етпейді. Сәт Бесімбайұлы өзінің жарты ғасырлық табысты мансабында ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды. Президенттің күзет қызметі





және Республикалық ұланды басқарды. Қорғаныс министрі болды. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. Оның бүкіл өмірі ел игілігі үшін, Қазақстанның күштік құрылымдарын нығайтуға және дамытуға арналған қызметте өтті.

– Мен мемлекеттің мүддесін әрдайым жеке мүддеден жоғары қойдым, – дейді мемлекет және қоғам қайраткері Сәт Тоқпақбаев. – Менің иығыма үлкен жауапкершіліктер жүктелді. Тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздік тетіктерін нығайту ісіне өз үлесімді қостым. Бүгінде еліміз өркендеп, көптеген елдермен достық қарым-қатынасты саясатта да, экономикада да жоғары деңгейде нығайтып келеміз. Мен бұл процеске өз үлесімді қоса алғанымға қуаныштымын.

Бүгінде Сәт Тоқпақбаевтың тәдімін алған ізбасарлары аз емес. Олардың арасында әртүрлі дәрежедегі басшылар да жетіп артылады. Сәт Тоқпақбаевтың басшылығымен Ұлттық қауіпсіздік органдарының тиімді жұмыс істеуі мақсатында әзірленген

көптеген нормативтік актілер бүгінгі күнге дейін ескірген жоқ. Оның бастамасымен Ұлттық қауіпсіздік академиясы құрылды. АҚШ, Ресей, Қытай және Германиядағы ұқсас ұйымдармен серіктестік қарым-қатынас орнатқан бұл оқу орнында бүгінде Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздігі саласына елеулі үлес қосып жүрген мыңнан астам маман даярланды. Сәт Тоқпақбаев ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты ретінде өзінің бай тәжірибесін пайдаланды. Ол Қарулы Күштерді нығайтуға және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңдардың қабылдануына зор ықпал етті.

Сәт Тоқпақбаев екі жылдан астам уақыт Қорғаныс министрі қызметінде болды. Алайда ғасырдың тоғысында ол елеулі із қалдырды. Ал 2001 жылы еліміздегі ең танымал археологиялық олжаның дәл

көшірмесі – «Алтын адам» мүсіншесін иеленіп, «Жылдың әскери адамы» атанды.

Төртінші Қорғаныс министрі жалпы мақсаттағы күштердің жойылуымен есте қалды. Бұл еліміздің Қарулы Күштері үшін қиын кезең болатын. Қаражаттың

жетіспеушілігі қоғамның барлық саласына әсер етті.



Ардагерлерді айтпағанның өзінде

саптағы әскери қызметшілерге бірнеше ай бойы ақшалай қаражат төленбеген кездер болды.

Әскери гарнизондарда қарапайым қажеттіліктерді қамтамасыз етуде күрделі мәселелер туындады.

Қаржы тек киім-кешек пен отынға ғана емес, сонымен қатар әскери бөлімдердегі азық-түлікке, материалдық-техникалық базаға және қару-жараққа да жеткіліксіз

болды. Мерзімді қызметтің сарбаздары атыс дайындығына сирек баратын деңгейге жетті. Кей кездері атыс дайындығы сабақтарын ұйымдастыруға мүмкіндік болмайтын. Ал ауқымды оқу-жаттығулар туралы әңгіме айтудың өзі артық.

Сәт Тоқпақбаев туралы сөз болғанда, еліміздің әскерилері ол кісінің Қазақстан аумағында алғашқы халықаралық әскери оқу-жаттығулар өткізуге мұрындық болғаны туралы баса айтады. Мұндай маңызды істі ол сол кездегі Қазақстан Президентінің Америка Құрама Штаттарына сапары барысында көтеріп, біріккен жаттығуларды өткізу туралы келісімге қол жеткізген.

Осылайша, 2000 жылдың қыркүйек айында Қапшағай маңындағы әскери базада Ресей, АҚШ, Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Грузия және Моңғолия елдерінің десанттық роталары қатысқан «Ортазбат-2000» халықаралық әскери оқу-жаттығулары өтті.

Жаттығу жоспарына сәйкес, әр елдің бөлімшелері екі шартты мемлекет арасындағы қақтығысты тудырған заңсыз әскери құрылымдарды табу және жою бойынша іс-қимылдар жүргізді. Оқу-жаттығу барысында Алматы облысының аумағында халықаралық далалық әскери госпиталь орналастырылды.

Министр ретінде маңызды міндет арқалаған Сәт Тоқпақбаев жаңадан құрылған Қазақстан Қарулы Күштеріне халықаралық дәрежедегі оқу-жаттығуға қатысып, әскери базасы мығым алпауыт елдермен тәжірибе алмасудың ауадай қажет екенін ерте түсінді.

Ол әскерилерге қолайлы жағдай қалыптастыру жолында көп тер төкті. Әскери құрылыс саласын басты назарда ұстаған министр армияны реформалау процесінде жаңа қадамдарға



барып, төрт әскери округ құру туралы тың бастама көтерді.

Еліміздегі қорғаныс саласының қалыптасу тарихымен етене таныс оқырманға 2000 жылы жаңа Әскери доктрина қабылданғаны мәлім. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізудің іргелі қағидаттары мен нысандары алғаш рет 1993 жылы еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтің тұсында қабылданғаны белгілі. Жаңа құжатта әскери қақтығыстарды деңгейге бөліп, оларды қарқындылығына қарай жіктеу көзделді. Олар кіші, орта және жоғары дәрежелі қақтығыстар деп танылып, соның барысында Қазақстан Қарулы Күштерін пайдалану критерийлері белгіленді.

Әскери доктрина таза қорғаныс сипатына ие болып,

экстремизм мен терроризмді таралу қаупі ең үлкен қатер ретінде қарастырды. Осыған сүйене отырып, тұжырымдама жоғары ұтқыр әрі жақсы жабдықталған әскерлер құруға бағытталды.

Басшы кезінде сұңғыла сардар ретінде танылған Сәт Тоқпақбаев Қорғаныс министрлігінің тұтқасын ұстаған тұста Қазақстан Қарулы Күштерінде жоғарыда біз тілге тиек еткен түрлі деңгейдегі маңызды іс-шаралар орын алды.

Бүгінгі күні ардагер ақсақал қоғамдық өмірге белсенді қатысып, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге көп көңіл бөліп жүр. Ол – «Сіз тек туыстарыңыз немесе таныстарыңызға ғана емес, сонымен бірге өзіңіз қызмет еткен салаға қажет болуда бақыт» деп келетін ежелгі грек философы Сократтың сөзін өзінің өмірлік ұстанымы ретінде

алып, қарттық жасқа жетсе де, ел мүддесін мұрат қылған халқының аяулы перзенті.

Отставкадағы генерал-полковник баяғыша әскери гарнизондардағы жағдаймен танысып, офицерлер мен сержанттар және қатардағы жауынгерлермен кездесіп, ақыл-кеңесін беруді жалғастырып жүр. Жақында ол 65476 әскери бөліміне барды.

Мұнда оған қазақстандық армияның, оның ішінде отандық өндірістің қарулануында тұрған жаңа техника мен жабдықтар көрсетілді. Әскери қызметшілермен кездесу барысында Сәт Бесімбайұлы оларға қазақстандық армияның даму жолы туралы сөз қозғап, мемлекет үшін өзінің Қарулы Күштерінің болуы маңыздылығын атап өтті. Өз кезегінде мерзімді әскери қызметтегі сарбаздар, сержанттар мен

офицерлер құрметті қонаққа армияның қалыптасуы, Сағадат Нұрмағамбетовпен кездесулері сияқты сұрақтарына тұшымды жауап алды.

Ардагер өз кезегінде әскери қызметшілерге Отан алдындағы әскери борышын орындауға дайындығы үшін алғысын білдірді. Мұндай кездесулер белгілі тұлғалар тарапынан әскери адамның қажеттіліктеріне назар аударып қана қоймай, әскери қызметшілерді жауынгерлік оқуда және әскери қызметте үздік нәтижелер көрсетуге ынталандырады. Аты аңызға айналған ардагер генералдардың әскерилер арасында жүріп, өнеге көрсетуі жауынгерлік рухты нығайтуға және Қазақстан армиясының қабілеттілігін арттыруға ықпал ететіні айтпаса да белгілі.





СӘТ ТОҚПАҚБАЕВТЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕР МЕН ЕЛ АЛДЫНДАҒЫ ЕҢБЕГІ



Қорғаныс министрлігінде генерал-полковник Сәт Тоқпақбаевқа құрмет көрсетілді. Ол осы айда 85 жасқа толды.

– Біз Сізді мерейтойыңызбен ғана емес, еліміздің жоғары мемлекеттік наградасы – Халық қаһарманы атағымен, сондай-ақ айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз және «Отан» ордендерімен марапатталуыңызбен құттықтаймыз. Сіз Қорғаныс министрі қызметінде болған тұста Қарулы Күштердің дамуына баға жетпес үлес қостыңыз, - деп атап өтті Қорғаныс ведомствосының басшысы генерал-полковник Руслан Жақсылықов.

Сол жылдары жаңа Әскери доктрина қабылданды. Әскери

округтер реформаланып, бүгінгі Десанттық-шабуылдау әскерлерінің негізі саналатын Ұтқыр күштер құрылды.

2000 жылы қыркүйек айында Қапшағайдағы әскери базада тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет «Ортазбат-2000» ауқымды халықаралық әскери оқу-жаттығуы өтті. Оған Әзербайжан, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей, АҚШ, Түркия және Өзбекстанның десанттық роталары қатысты.

Бүгінде Сәт Тоқпақбаевтың тәлімін алған ізбасарлары аз емес. Олардың ара-



сында әртүрлі дәрежедегі басшылар да жетіп артылады. Сәт Бесімбайұлының бай тәжірибесі Парламент Мәжілісінің депутаты болған

кезеңде де үлкен сұранысқа ие болды. Бұл салада ол Қарулы Күштерді нығайту мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған

заңдардың қабылдануына зор ықпал етті.

Еліміздің Қарулы Күштеріне сіңірген еңбегіне құрмет ретінде Қорғаныс министрі

генерал-полковник Руслан Жақсылықов ақсақалдың иығына шапан жапты.

– Сіздерге алғысым шексіз, – деді өз сөзінде генерал-полковник С.Тоқпақбаев.

– Баршаңызға ашық аспан, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс тілеймін. Ең бастысы, әрдайым антқа адал болыңыздар. Армия – тәуелсіздіктің тірегі. Сіздердің әрқайсыңыз халқымыз бен мемлекетімізге лайықты қызмет ете білсеңіздер, ешкім де біздің егемендігімізге ешқашан қол сұға алмайды.

Айта кетейік, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаевты ұлықтау шаралары Қарулы Күштердің барлық құрамаларында, әскери бөлімдерінде, әскери-оқу орындарында өтті. Оның өмір жолы туралы дәрістер, тақырыптық кештер, шахмат, волейбол, үстел теннисі және басқа да спорт түрлерінен чемпионаттар өткізілді.





ҚАЗАҚТЫҢ ҚОШҚАРБАЕВЫ



ЖЕҢІСТІҢ ТУЫН ТІККЕН РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ 64 ЖЫЛ ҒҰМЫР КЕШТІ. ЖАСТАЙЫНАН ЖЕТІМДІК КӨРГЕН ОНЫҢ ТАҒДЫРЫ САН ҚИЛЫ. ЕРЛІГІ ЕСКЕРІЛМЕЙ, ЕЛЕУСІЗ ҒҰМЫР КЕШКЕН ҚАҺАРМАНДЫ БҮГІНДЕ ҰРПАҒЫ ҰМЫТПАЙДЫ.

ЕРТЕ ЕСЕЙДІ

Рақымжан Қошқарбаев 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы, Тайтөбе ауылының маңындағы қыстақта дүниеге келген. Бұрынғы атауы – «Қырыққұдық». Рақымжанның бала кезі осы қыстақта өтеді. Бірақ небары төрт жасында анасынан айырылады. Анасын жоқтатпайын деп ойласа керек, әкесі бетінен қақпай өсіреді.

«Ол көп сөйлемейтін кісі еді. Бірақ көңіл хошы

келгенде кең көсіліп кететіні бар-тын. Мен балалық балдәуренмен ерте қоштастым. Төрт жасымда шешемнен айырылғаныммен, әкемнің мейірбан көңілі арқасында жетімдік көрмей өсіп келе жатыр едім, 1937 жылдың қараңғы бір түнінде есікті сартылдата ұрып, қара киімді үш адам үйге кірді. Содан соң әкемді тез киіндіріп алып кетті. Бұдан басқа ештеңе есімде қалмапты. Менің балалық шағымды

сол бір сұрқай түн қоса ұрлап әкеткендей, көңілім құлазып сала берді», - дейді естелігінде батырдың өзі.

Иә, оған ананың мейірімі мен жылы алақанын, әкенің қамқорлығын сезіну бұйырмады: 4 жасында анасы дүниеден өтті, ал әкесі болса, жалған саяси жаламен сотталып, ГУЛАГ лагерьлеріне жіберілді.

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНДІ

1936 жылы әкесінен айырылған Рақымжан осы кезден бастап жетімдіктің қиындығын көп көріп өсті. 13 жасқа толмаған ол тамыз айында оқу іздеп қалаға келеді. Екінші анасының: «Қарғашым-ау, жұрттың баласы оқу оқыса, әке-шешесіне сенеді. Ал, сен кімге сенесің? Әкең аман-есен оралғанша, оқуды қоя тұр. Сен кетсең, мынау азын-аулақ малға ие

болып, Қошқарбайдың түтінін өшірмеуге көмектесер менде ешкім жоқ» деп айтқан сөзіне қарамады. Білімге деген құштарлық оны өмірде өз жолын табуға көмектесті. Өзінің тапқырлығы мен қайсарлығының арқасында Тайтөбедегі балалар үйіне орналасып, сонда тәрбиеленеді.

Өзінің өмірі туралы Қошқарбаев өзі жазған «Штурм» атты кітабында жан-жақты баяндады.

«Әкемді «халық жауы» деп ұстап әкеткен соң, Тайтөбедегі балалар үйіне баруға тура келді. Сондағы бастан кешкен оқиғаны еске алу қазір маған өте қиын. Егер біреулер мұны білмей, кездейсоқ сұрай қалса, «Оған жету мен орналасудың өзі қиямет-қайым іс болды» деген бір сөйлеммен ғана түйіндер едім. Екі жарым жылдық өмірім, міне, өзім өздер қабылданған осы мектеп-интернат



үйінде өтті. Содан соң Балқаш қаласындағы ФЗУ-ға аттандық».

МАЙДАН ШЕБІНДЕ

Балқаштағы фабрика-завод училищесін тәмамдаған Қошқарбаев Қосшыда мұғалімдік қызмет атқарады. Бірақ 1941 жылы соғыс өрті тұтанады. Ол кезде Рақымжан Қошқарбаев 17 жаста еді. Өрімдей жас болса да ол ер-азаматтармен қатар майдан шебіне сұранады. 1942 жылдың тамызында 18 жастағы бозбала Қазақстан және Орта Азия сарбаздарының әскери дайындығынан өтіп, Көкшетау қаласындағы атқыштар полкі қатарына алынады. Ол жазбасында: «Көкшетаулық полктегі әскери қызметтің жағдайы аса ауыр болды. Қала мұндай ірі әскери бөлімді орналастыруға дайын емес еді, казармаға, асханаға, сабақ өткізуге, штабқа және басқа да әскери ұйымдар мен әскери қызметшілерге арналған үйлер болмады. 1943 жылдың жазында біздің полктен офицерлік училищеде оқытуға сержанттардың бір тобы

іріктеліп алынды», - дейді.

Рақымжан осы топқа ілігіп, Ресейдің Тамбов қаласынан қоныс аударды. Кейін Фрунзе қаласына орналасқан офицерлік училищеге келеді. Оны 1944 жылдың қазан айында тәмамдайды. Оған кіші лейтенант шені берілді. Р.Қошқарбаев бірінші Беларусь майданының 3-ші пәрменді армиясына 1944 жылғы қараша айының ортасында жетті. Ол I Беларусь майданындағы 150-Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатысты.

Майданда Рақымжан Қошқарбаев ерен ерлігімен талай рет көзге түсті. Ол басқарған взвод Одер өзенінен Рейхстагқа дейін 200 немістің көзін жойып, 184-ін қолға түсірді. Қан майданда жаудың 14 зеңбірегін, 27 үлкен калибрлі пулеметін, көптеген мылтық, оқ-дәрілерді тәркілеген. Осы ерліктері үшін Рақымжан Қошқарбаевтың взводуна «Бірінші дәрежелі



Ұлы Отан соғысы» ордені табыс етіледі.

Соғыстың соңына қарай лейтенант Рақымжан Қошқарбаев 150-атқыштар дивизиясы 647-атқыштар полкі барлау взводуның командирі болды. Осы тұста жанкешті қазақ батырының есімі майдан шебінде аңызға айналды.

ТУДЫ ТҰҒЫШ БОП ТІКТІ

1945 жылы Кеңес одағы Рейхстагты басып алуды көздеді. Соған байланысты жауынгерлік операция сол жылдың 28 сәуірінен басталған еді. Деректерге сүйенсек, қызыл ту барлық

шабуылдаушы топтарда болған. Ту екі тәулік ішінде жасалған. Ал 30 сәуір күні таңертең 150-ші және 171-ші атқыштар дивизиясы бөлімдері Шпре өзенінен өтіп, Рейхстагқа жақындайды. Пулемет пен артиллерияның тоқтаусыз атқылауына қарамастан ғимаратқа өтуге тырысқан батылдардың арасында 20 жастағы лейтенант Рақымжан Қошқарбаев пен 19 жастағы жауынгер Григорий Булатов болды. Жауынгерлер өздерімен бірге қолдан жасалған қарапайым қызыл кенеп туын алып жүрген еді. 150-ші дивизияның жауынгерлік журналындағы жазбаға сәйкес, сағат 14:25-те Булатов пен Қошқарбаев «ғимараттың орталық бөлігіне бауырмен жорғалап өтіп, басты кіреберістің баспалдағына қызыл туды тіккен. Бұл – Рейхстагқа көтерілген тулардың алғашқысы.

Кейінірек Қошқарбаев бұл оқиға туралы өз естелігінде: «Рейхстагқа жақындап қалғанда мен тудың төменгі бір бұрышына аты-жөнімізді «Булатов, Қошқарбаев» деп жазып қалдырдым. Жанымда отырған Гриша (Григорий Булатов) маған: «Жолдас лейтенант, жазғаның дұрыс болды, алда-жалда бізді өлтіріп кетсе, біздің кім, қайдан екенімізді ешкім білмейді», - деді. Мен оған: «Жоқ, Гриша, өлуге уақытымыз жоқ. Біз қандай жағдай болса да, мына қызыл туды Рейхстагқа жеткізуіміз керек. Және оған ең бірінші болып жетуіміз керек екенін айттым», - дейді.

ШЫНДЫҚ БҰРМАЛАНДЫ

Дәл осы күні Рейхстагтың жан-жағына 40 шақты ту ілінгені туралы деректер бар. Соның ішінде Р.Қошқарбаев пен Г.Болатов тіккен ту ең алғашқы жеңіс туы екендігіне дәлелдер жетіп артылады.





Мысалы, неміс астанасындағы шайқастар аяқтала салысымен Рейхстагқа алғаш ту тіккендер жайында бірнеше басылым жарыса жазыпты. Ол туралы Р.Қошқарбаев былай дейді: «2 мамыр күні Рейхстаг түбінде демалып жатқан бізге өзіміздің 150-Идрицк дивизиялық газетінің тілшісі Василий Субботин келді. Ол командирден болған жайды тәптіштеп сұрап алып, содан кейін менімен, Григорий Болатовпен сөйлесті. Ертесіне, яғни, 3 мамыр күні біз сол дивизиялық «Воин Родины» газетіне ірі әріптермен жазылған листок іспеттес хабардың шыққанын көрдік...

...Тіпті 6 мамыр күні ерекше тапсырмалар жөніндегі әскери бөлім қызметкерлері Григорий екеумізді ертіп жүріп, біздің 30 апрель күні «Гиммлер үйінің» бірінші қабатындағы қай терезеден қалай секіріп түскенімізді, сөйтіп Рейхстагқа қандай жолдармен, қанша уақытта жеткенімізді схема түрінде сызып алғаны да бар».

Бірақ туды бірінші болмаса да, Рейхстагтың ең ұшар басына тіккен М.Егоров пен М.Кантария жеңіс туын алғаш болып қадады деп, шындық бұрмаланады. Неге

десеңіз, бұл тарихи оқиғада саяси астар жатыр еді. Бізге жеткен деректерді сөйлетсек, дивизия командирі генерал-майор В.Шатилов 1-ші Беларусь майдан қолбасшысы Г.К.Жуковқа ту тіккендер жайында хабарлағанда, маршал Жуков қатты ашуланып: «Не? Қайдағы бір азиаттарға ту тіккіздің. Ертең қалайда бір орыс пен бір грузин ту тігетін болсын» деген екен. Дивизия штабына келгесін генерал В.Шатилов қайтадан ту тігуге екі топты дайындайды. Екінші топтағы М.Егоров пен М.Кантария 1 мамыр күні таңғы сағат 3-те, атыс бәсеңдеген соң ғана Рейхстаг фасадындағы крайзер Вильгейм ескерткішіне ту орнатып, оны кинохроникаға түсіреді. Осы ту жеңіс туы деп есептелінеді. Сөйтіп, Батыр атағы орыс М.Егоров пен грузин М.Кантарияға беріліп, олар барынша мадақталады. Тіпті, бүкіл кеңестік тарих оқулықтарында осы екі есім жазылып, шындық тасада қалады.

АҚИҚАТ ҮШІН КҮРЕСТІ

Кейіннен қоғам тарихи әділеттілікті орнату бағытында мардымды қадамдар

істей бастады. Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі туралы алғаш рет сөз қозғаған Бауыржан Момышұлы еді.


«Мен де соғысқа қатыстым. Дивизияға дейін басқардым. Төрт жыл бойғы көрген сұрапылдың небір сұмдықтары көз алдымда. Бірақ Берлинді алардағы, Рейхстагқа ту тігердегі қырғын – ол нағыз ақырзаманның өзі. Жаңағы жігіт сол тозақ отының ішінде болған. Сол алапаттан аруақ қолдап, аман шыққан. Жеңіс туын тіккен! Тағдыр оның тарихи адам ретіндегі өмірбаянын сол сәтте жазған! Сендердің міндеттерің – енді соны

елге айтып, жалпақ жұртқа жеткізу», - деп жас қаламгерге айтқан екен. Сөйтіп, Бауыржан Момышұлының айтуымен жас қазақ журналисі Кәкімжан Қазыбаев 1958 жылы «Лениншіл жас» газетінде «Жас қазақтың ерлігі» атты мақала жариялады. Мақала арқылы батырлардың есімдері бүкіл Кеңес Одағына танылды.

Сонымен бірге, Рақымжан Қошқарбаевтың Жеңіс туын тіккен ерлігі үшін Кеңес Одағы батыры атағын беруді сұрап Мәскеуге КОКП бас хатшысы Л.И.Брежневке, Қорғаныс министрлігіне Бауыржан Момышұлының өзі, одан бөлек қазақ зиялылары Ф.Мүсірепов пен Ф.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, К.Қазыбаев бастаған зиялы қауым бірінші болып ту тіккендігі туралы деректерді көрсете отырып, жеңістің 20-25-30-35 жылдығына орай өтініштерді жіберумен болды. Бұл әрекет билік тарапынан жауапсыз қалды. Сол кездің өзінде Бауыржан Момышұлы Ресей архивінен Рақымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағы батыры атағын беру туралы бұйрықты іздеп тапқан. Бірақ құжатта Сталиннің қолтаңбасы болған: «Бермеу!» (отказать). Неге? Себебі, Рақымжан Қошқарбаевтың әкесі 1937 жылы репрессияға ұшыраған еді.

Ең соңғы рет 1980 жылы Қазақ КСР-нің 60 жылдығына





жазбаша түрде мойындады. 2008 жылы Б.Асанов пен С.Ким «Знамя Победы: запоздалая правда» деген кітабында шындыққа қалай қол жеткізгенін жазды. Осылайша, бәрібір де ақиқат жеңді.

ЕРЛІГІ ЕШ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Соғыстан кейінгі жылдары Рақымжан Қошқарбаев Эльба бойындағы кеңестік оккупациялық әскер бөлімінде қызмет атқарды. 1947-67 жылдары Қошқарбаев Ақмола облыстық атқару комитетінде нұсқаушы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы қоныс аударушылар жөніндегі бас басқармада инспектор болған екен. Тіпті, моншада да жұмыс істейді. Кезінде ерлігі жарық көрінуіне бастамашы болған Бауыржан батыр: «Жеңіс туын тіккен батырың қоғамдық

Қүштердің Мемлекеттік әскери-тарихи музейіне тапсырылды. Аталған бірегей материалдар – 1945 жылы 30 сәуірде Рейхстагқа жауынгерлік ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың ерлігінің айғағы. Айта кетерлігі, құжатты документалист, сарапшы Ақмарал Баталова Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатынан алған. Қазақ батыры мен Г.Булатовтың ерлігі – жалпыға мәлім факт, дегенмен, осы құжат олардың батырлығы мен қайсарлығын айғақтайтын дерек ретінде сақталып тұр.

Рақымжан Қошқарбаевтың өшпес ерлігі туралы талай жыр-дастан, естеліктер, сыр-сұхбаттар, әңгіме, хикаяттар жазылды. Астанада еңселі ескерткіш орнатылды, оның есімімен көшелер аталады,

орай соғыс ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері жазған хатты Д.Қонаев Алматыға келген КСРО басшысына қолма-қол тапсырғанда, Бас хатшы Л.И.Брежнев: «Біз енді ешқашанда Отан соғысы оқиғасына оралмаймыз. Ол ескірген дүние» депті. Ал, өзі болса Кеңес Одағының Маршалы погонын тағып, тек соғыс кезінде ғана берілетін «Жеңіс» ордені мен төрт рет Кеңес Одағының Батыры атағын алған болатын.

Сөйтіп, Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі көп жылдар бойы еленбей келді.

АҚИҚАТ ЖЕҢДІ

Бірақ, бұл әділетсіздік біздің жерлесімізді құлата алмады. Қызының айтуы бойынша, Рақымжан аға осы жағдайға байланысты ешқашан көңіл-күйін түсіріп, ренжіген емес. Рақымжан Қошқарбаев Алматы қаласының депутаты

болып үш мәрте сайланған. «Жеңіс туы» және «Шабуыл» атты екі кітап жазып шыққан. 2005 жылы Әділ Медетбаев Рақымжан Қошқарбайұлы туралы «Шабуыл» атты деректі фильм түсірді. Сондай-ақ Ресейдің ресми арнасы «Россия 24» Қошқарбаев пен Булатовтың ерлігін мойындады.

«Ізденген жетер мұратқа» дегендей, тарих ғылымының кандидаты Болат Асанов және зерттеуші Сергей Ким 2007 жылы сол кездегі РФ үкімет басшысы В.В.Путинге хат жазып, 1945 жылдың мамырында жарық көрген КСРО, АҚШ, Англия газеттеріндегі деректерге сүйене отырып, хат жазған болатын. Ақыры 62 жылдан соң ақиқат жеңді. РФ Қарулы Күштерінің әскери тарихи институтының қызметкерлері қазақ Р.Қошқарбаев бірінші болып ту тіккендігін растап,




моншаның бастығы деп қалай таныстырасыңдар?» - деп, 1967 жылы жаңадан ашылған «Алматы» қонақ үйінің меңгерушісі еткізіпті. Рақымжан батыр соңғы өміріне дейін осы қызметте болды. Ол 1988 жылы дүниеден озды. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, Президент Жарлығына сәйкес Рақымжан Қошқарбаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді.

2022 жылы Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың ерлігін айғақтайтын құжаттар Қарулы

есімі мектепке берілді. Биыл ел бойынша Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойы атап өтіліп жатыр. Соғыс ардагерінің өмірінен сыр шертетін көрмелер ашылды. Жеңіс күні қарсаңында даңқты ердің есімі елордадағы №44 мектепке берілді.

Мектепте мемориалды ескерткіш тақта мен әскери сынып ашылды. Қазақтың батырының есімі ешқашан ұмытылмақ емес.



В этом году исполняется 100 лет славному сыну казахских степей Рахымжану Кошкарбаеву. Его имя навсегда вошло в историю благодаря бессмертному подвигу. 30 апреля 1945 года он вместе с красноармейцем Григорием Булатовым первыми водрузили знамя Победы над Рейхстагом.

С ГЕРОИЗМОМ В СЕРДЦЕ

Детство и юность будущего героя были трудными. В возрасте четырех лет мальчик потерял мать. Вся забота о сыне легла на плечи его отца Кошкарбая, который как мог помогал сыну пережить тяжелую утрату.

В 1937 году в их дом пришли люди в форме и забрали отца. Он обвинялся в укрывательстве того факта, что его отец Муса (дед Рахымжана) был сыном зажиточного степняка. Вскоре его осудили и отправили отбывать срок в сталинский ГУЛАГ.

Так в 13 лет мальчик

остался без попечения родителей. Сердобольные люди определили подростка в детский дом. Свое детдомовское детство Рахымжан Кошкарбаев описал в своей книге «Знамя Победы». На ее страницах он с теплотой вспоминает людей, заменивших ему родителей.

«...Тайтубинский детский дом - это четыре красивых деревянных дома. Из них два дома – это спальные общежития. В одном доме жили девочки.

Директором детского дома был Сагат Садуов – светлицый, добродушный,

симпатичный мужчина. Открыто разговаривая с детьми, он получал истинное удовольствие. Он сам лично забрал меня у крыльца отделения милиции на лошадиной повозке. «Кто первым открывает лицо невесты, тот ближе» - говорят в народе. Этот человек мне показался родным отцом. Дети нашего детского дома очень его любили и называли «папа». А «нашей мамой» была заместитель заведующего районо, которая курировала детские дома, – Конякина Любовь Ивановна».

В книге Рахымжан писал,



что чувствовал себя в детдоме счастливым: «Главное, здесь никто не называл меня сиротой. Как будто бы забылось мое сиротское прошлое», - писал он.

Особую роль в жизни Рахымжана Кошкарбаева сыграла Любовь Конякина, которая пристально следила за жизнью детей в детском доме, часто посещала их концерты художественной самодеятельности. Как-то она сказала мальчику: «Рахимжан, в Советском государстве нет такого понятия как сиротство. Вот, ты же видишь заботу государства. Продолжай хорошо учиться, будь воспитанным, будь примером для других. Партия и правительство доведут вас до счастливого будущего. А про отца поменьше думай, не переживай». После этого мальчик подумал: «Да, не зря все дети детского дома называют ее «нашей мамой»».

Спустя какое-то время, благодаря заботе воспитателей, Рахымжану удалось организовать кружок домбристов, в котором дети исполняли народные песни и кюи. Вскоре подростка даже назначили политинформатором.

«Ежедневно я читал газеты, слушал радио и у нас, в Красном уголке, я делал доклады, проводил лекции, где знакомил всех с новостями. Иногда мои выступления переходили в обсуждения, с горячими спорами. Благодаря моим выступлениям я зародил в мыслях ребят мечту – «Кем я хочу быть!». Многие мои ровесники захотели стать летчиками», - писал Рахымжан Кошкарбаев.

В детском доме Рахымжан Кошкарбаев пробыл более двух лет, после чего поступил в Фабрично-заводское училище (ФЗУ), располагавшееся близ

города Балхаш. «Детский дом научил нас уважать девушек и старших», - писал он.

В прощальном выступлении Рахымжан сказал: «Вы нас научили любить родное отечество, быть истинными патриотами Родины. За это мы вам безгранично благодарны, склоняем головы. Первоначально мы не знали куда пойдём, кем станем, а теперь обещаем оправдывать ваши надежды, клянемся быть честными гражданами нашей Родины!».

В ФЗУ ребят обучали не только производственным профессиям, но и приобщали к военному делу, спорту и художественной самодеятельности. Как вспоминал Рахымжан Кошкарбаев, в училище была строгая дисциплина. Без разрешения в город просто так не выйти. Ученики выходили только с воспитателем. С утра дети учились, согласно школьной программе, а после обеда трудились в мастерской.

Жизнь в училище бурлила. Рахымжан занимался сразу

В ГОЛОВЕ У ПАРНЯ ЦАРИЛИ ПОЛНАЯ НЕРАЗБЕРИХА И УДРУЧЕННОСТЬ. «ЭХ, БЫСТРЕЙ БЫ ОКАЗАТЬСЯ НА ФРОНТЕ И УДАРИТЬ ПО НЕНАВИСТНОМУ КОВАРНОМУ ВРАГУ. ЧТО Я ТЕПЕРЬ БУДУ ДЕЛАТЬ? БУДУ РАБОТАТЬ, ПЕРЕНОСИТЬ ВСЕ ТЯГОТЫ ВМЕСТЕ С НАРОДОМ...», - ДУМАЛ ОН.



несколькими видами спорта, осваивал домбру и мандолину. Уже через пять-шесть месяцев многие из поступивших ребят сдали нормы ГТО, имели значки разных степеней. Как писал Рахымжан Кошкарбаев, самым трудным было получить значок «Ворошиловский стрелок». Все дети гордились своими значками.

«Одним из любимых моих видов спорта было катание на коньках. На коньки, подаренные мне Любовью Ивановной в Акмоле, я собственноручно прибил ботинки, которые выдали в училище. Теперь катание на коньках было любимым занятием ребят с училища. Как правильно кататься на коньках меня учила Таня Кудрина (секретарь комсомольской организации)», - писал Рахымжан Кошкарбаев.

Время шло, и юноша сам и не заметил, как ему исполнилось семнадцать лет. В училище он окреп и возмужал. Сдав экзамены раньше положенного срока из-за закрытия училища, выпускники разъехались по выбранным местам дальнейшей жизни.

Приехав в Акмолу с дипломом о среднем образовании, Рахымжан в составе артели имени Ворошилова отправился в пригородный поселок Косшы (ныне – город близ Астаны) в школу для неграмотных, учителем.

«В те годы было много подростков, которые хотели обучаться грамоте. Даже люди среднего возраста, как мужчины, так и женщины, занимались на вечернем обучении. Женщины, у кого были малолетние дети, брали их с собой. Была одна интересная штука: пяти-, шестилетние дети, которые приходили учиться в школу, держась за подолы юбок



своих матерей, письму обучались быстрее родителей. Помню, как один мальчишка, который ходил вместе с мамой на занятия, обучился чтению и письму за довольно короткое время, и уже умел читать газеты. За такую сообразительность малыша полюбили все взрослые, и стали называть - «детский помощник учителя», - писал Рахымжан Кошкарбаев в своей книге «Знамя победы».

«ЧЕРНЫЙ ДЕНЬ»

Наступило лето 1941 года. Никто и не догадывался о приближении войны. Рахымжан Кошкарбаев вспоминал в книге, что у него была четкая уверенность в Красной Армии, которую усиливал подписанный СССР и Германией «Пакт о ненападении». Казалось, что у советских людей нет никаких трудностей в строительстве социалистического государства.

22 июня было воскресенье. Все колхозники Косшы вышли на сенокос. «Когда люди, пообедав, собирались продолжить работу, увидели, как со стороны аула появился всадник. Жена вышедшего вместе со всеми

на сенокос учителя Нургали была на последних днях беременности. Весь народ подумал, что гонец несет какую-то хорошую весть и сейчас попросит «суюнши». Однако вышло все по-другому. Всадник резко остановился, я его сразу узнал. Это был дедушка Толеубай, сосед моих хозяев, где я снимал комнату. Лицо его было совершенно бледным», - писал Рахымжан Кошкарбаев.

Люди спросили его: «Что случилось?» Аксакал, взяв в руки свою старую тубетейку, плачущим голосом ответил: «Ох, люди, война началась! Вам всем сказали вернуться в аул».

После такого уже не могло идти речи о школе. Через два-три дня Рахымжан попрощался с жителями Косшы и направился в совхоз имени Ворошилова. В голове у парня царили полная неразбериха и удрученность. «Эх, быстрей бы оказаться на фронте и ударить по ненавистному коварному врагу. Что я теперь буду делать? Буду работать, переносить все тяготы вместе с народом...», - думал он.

Буквально в течение месяца все мужчины ушли на

фронт. В ауле остались только старики, замужние женщины и дети, которые трудились на благо Родины изо дня в день. Собранный урожай, в котором не упало ни зернышка, люди передали государству. Нашему герою поручили ответственное задание: он вместе с шестью-семью женщинами возил пшеницу в Акмолу.

Время шло, и колхоз успешно справлялся со сбором урожая. С фронта в аул начали приходить первые похоронки. Рахымжан Кошкарбаев писал: «Сначала мы узнали, что героически погиб Айтпай, сын Искака. Из этого дома забрали на войну трех братьев. Потом подобные плохие известия пришли и о братьях Айтпая. Услышав такие тяжелые новости, я два раза писал заявления военному комиссару, чтобы меня взяли на фронт. Но они остались без ответа».

Прошла первая зима, которую люди и колхозный скот пережили с большими трудностями. Но самой большой трудностью оставались плохие вести с фронта. А если и приходили хорошие новости, то дети и подростки ходили из дома в дом и делились ими.

Хорошей новостью было, например, то, что советские войска дали отпор неприятелю в декабре 1941 года. В феврале 1942 года на Северо-Западном фронте была взята в кольцо большая группа немецких войск под Демьяновском. Эти новости воодушевляли народ. Люди усердно работали: десять человек работали за сто, а вместо тысячи работали сто человек.

В конце июня 1942 года настроение сельчан немного улучшилось. До них дошла новость о вручении звания Героев Советского Союза

У ВСЕХ БЫЛО НЕБЫВАЛОЕ СТРЕМЛЕНИЕ БЫСТРЕЕ СРАЗИТЬСЯ С ВРАГОМ. И У ВСЕХ БЫЛО ОГРОМНОЕ ЖЕЛАНИЕ РАНЬШЕ ДРУГИХ ДОСТИЧЬ ЦЕНТРАЛЬНЫХ РАЙОНОВ БЕРЛИНА. НИКТО НЕ СОМНЕВАЛСЯ, ЧТО БУДЕТ ТАКОЕ СОРЕВНОВАНИЕ. БОЙЦЫ ЗНАЛИ И БЕЗ СЛОВ, ЧТО ВПЕРЕДИ ИХ ЖДЕТ ЖЕСТОКАЯ БИТВА, НЕ НА ЖИЗНЬ, А НА СМЕРТЬ.



бойцам 28-й Панфиловской дивизии. «Все они - казахстанцы! Вот, какие наши земляки - герои, жертвуя собой, защищают нашу Родину! Народ, у которого есть такие батыры, никогда не будет побежденным!» - радовались люди.

«Наконец ко мне пришло долгожданное известие. В конце августа мне и сыну председателя колхоза Отегена Нурымү пришили одновременно призывные повестки. В дорогу мы собрались быстро. А что мне долго собираться? Меня ничего не удерживало. Только я заглянул в дом моего дедушки Мусы и попросил благословение у бабушки Алиман. «Вот я и лишилась последнего стебелька», - печально вздохнула бабушка», - пишет Рахымжан Кошкарбаев.

Попрощавшись, Рахымжан сел в повозку, которая повезла их навстречу неизвестности. В суматохе на вокзале Акмолы раздалась команда: «По вагонам!». Поезд дал гудок и тронулся.

НА ПОЛЕ БИТВЫ

Только в 1942 году он стал курсантом военного училища в Кокшетау, где готовили к фронту новобранцев из Казахстана и республик Средней Азии. После Кокшетау парень продолжил военную стезю и поступил в Тамбовское военно-пехотное училище, эвакуированное во Фрунзе, ныне Бишкек. Встать в ряды курсантов он смог в 1943 году за два месяца до своего 18-летия.

«... Да, в училище была очень строгая дисциплина. С самого утра до позднего вечера хоть бы дали одну передышку! Занятия за занятиями, тренировки за тренировками... Как будто в лошадиных скачках участвовали. Когда я пришел

в училище, то познакомился с Жанша Жанасовым. Мы сразу подружались с ним. У них в семье было четверо братьев. Все остальные братья были уже на фронте», - вспоминал Рахымжан Кошкарбаев.

Шел октябрь 1944 года. Отряд, в котором служил Рахымжан Кошкарбаев, укрылся в густом лесу близ Варшавы. Наш герой был командиром взвода 674-го полка 1-го батальона, который только присоединился к 150-й Идрицкой дивизии 79-го стрелкового корпуса 3-й ударной армии.

На четвертый год войны, сильно отличавшийся от первого, советские войска гнали врага в его логово. 26 марта они вышли на советско-румынскую границу. В апреле-мае советские войска освободили Крым, а 6 июня состоялась высадка союзных войск в Нормандии, что послужило открытием второго фронта в Европе.

«...Нашей дивизии была дана небольшая передышка. Намечалось великое наступление по всем фронтам, шла тщательная подготовка к этому, о чем командир нашего 674-го полка подполковник Плеходанов сказал прямо всем офицерам. Однако каковы реальные объемы этого наступления, направление главного удара и день, до конца были неизвестны. Это была военная тайна. О том, что это примерно 150 дивизий трех фронтов, среди которых мотострелковые, танковые дивизии, дивизии воздушных сил, так же как и мы, ожидающие наступления после подготовок и переподготовок, конечно, мы узнали позже.

Однажды, во время одной из темных ночей, мы получили заранее условленный сигнал. Многочисленным войском мы вышли из леса. То, что



впереди идет тяжелый бой, мы не видели, но хорошо слышали. Варшаву занимали то советские войска, то опять немецкие. Об этом мы узнали только вчера. Ну, уж в этот раз мы наконец-то встретимся в бою с крупными соединениями врага, думали мы.

Однако так не получилось. То здесь, то там, в различных районах Варшавы, наши отдельные передовые части били врага, и советским войскам оказывали сопротивление лишь разрозненные малочисленные силы противника. Одним из таких советских соединений, которому предстояло встретиться с убегающим противником, был и наш батальон», - писал Рахымжан Кошкарбаев.

Город пылал. Бойцы спустились в бурлящие потоки реки Висла, по которым неприятель вел артиллерийский огонь. Вскоре он прекратился, и батальон Кошкарбаева одним

из первых преодолел водную преграду и перебрался на тот берег.

Разведка доложила, что один из вражеских отрядов движется в сторону ближайшего леса. Лейтенант Кошкарбаев получил приказ обогнать его со своим взводом и выйти неприятелю навстречу. Остальные силы должны были подгонять врага сзади.

Взвод Кошкарбаева зашел в лес. Соорудив в глубоком снегу окопы, бойцы прикрыли их ветками и стали ждать. Молодой лейтенант боялся, что враг уже успел здесь пройти. Он отправил нескольких разведчиков в поисках их следов. Вернувшись, те доложили, что следов врага нет.

Шло время. И вот впереди показались фигуры. Их было много – около двух батальонов, но шли они разрозненно. Это было на руку советским бойцам. Все были в нетерпении. На расстоянии 50-60 метров



Рахымжан Кошкарбаев отдал приказ: «Огонь!».

Солдаты открыли яростный огонь из пулеметов и автоматов. Не ожидая опасности, немцы развернулись и побежали, а те, кого сразили пули, остались лежать на снегу.

Оставшиеся солдаты противника отступили, залегли и открыли ответный огонь. Вскоре он стих, и взвод вновь встал в атаку, а позже с тыла неприятеля накрыл огонь основных сил, подошедших с тыла.

Так и прошло первое боевое крещение молодого лейтенанта. За образцовое выполнение задачи командир батальона объявил бойцам взвода благодарность. Вскоре основные силы 150-й дивизии вошли в Варшаву – пылающий, разрушенный город.

Весной 1945 года советские войска впервые увидели немецкую землю. В это же время заканчивались бои за Западную Померию. Почти вся Венгрия была освобождена. Вдоль берегов Дуная Красная Армия приближалась к Австрии. Над Берлином сгущались тучи.

«Вот и Одер! Наконец-то дошли до дикого, обладающего быстрым течением, Одера. Вода была черная, мутная от грязи. Казалось, что в глубине этого потока спрятана какая-то зловещая тайна. Фашисты очень надеялись на укрепления, сооруженные на Одере. Однако, решимость советских солдат, их веру в победу не могли сломить ни то, что один Одер, - десять таких Одеров», - вспоминал Рахымжан Кошкарбаев.

Именно на Одере начиналась оборона Берлина. Буквально в феврале некоторые армейские подразделения 1-го Белорусского фронта,

продвигаясь по левобережью с юга на север, овладели плацдармами шириной 3-5 км. Попытки фашистов отодвинуть советские подразделения были безуспешны.

Для защиты Берлина враг соорудил круговую оборону. На противоположном берегу Одера немцы соорудили три участка обороны, на которых были расположены минные заграждения и противотанковые рвы. Кроме того, наступающим на Берлин войскам приходилось преодолеть множество водных преград.

В целях обороны немцы сформировали две пехотные и танковые армии, в которых числилось 1 млн солдат, 10,5 тысячи минометных и артиллерийских установок, 1500 танков и самоходных орудий, 3 тысячи самолетов.

Вскоре советские войска начали переправу через Одер. Рахымжан Кошкарбаев описывает это так: «Нашему батальону тоже был дан приказ на переправу. С прикрепленным к нашему батальону артиллерийским отделением, мы шли по понтонному мосту. С левой и правой сторон от нас ложились вражеские снаряды. Хорошо, что мы переправились на западный

берег без особо крупных потерь. Из нашей партии только последнее самоходное орудие пошло ко дну».

20 апреля 150-я дивизия вошла в г. Каров, расположенный рядом с Берлином. «Дошли-таки до Берлина!» - выдохнули солдаты. Войдя в город, советские войска подверглись массированному огню, который неприятель вел с двухэтажных домов, прикрытых листьями деревьев, садов и приусадебных участков.

«Мы стремились забраться на самые верхние этажи многоэтажных домов или на башни. Хотели посмотреть на центр Берлина. Но все равно у нас это не получилось. К вечеру столица была в плену черных клубов дыма. А с приходом темноты мы видели только светящиеся окна далеких домов», - писал лейтенант Кошкарбаев.

«...К десяти часам ночи вся артиллерия 79-го корпуса открыла огонь по Берлину. Информацию об этом до каждой роты довели политруки полков и агитаторы. У всех было небывалое стремление быстрее сразиться с врагом. И у всех было огромное желание раньше других

достичь центральных районов Берлина. Никто не сомневался, что будет такое соревнование. Бойцы знали и без слов, что впереди их ждет жестокая битва, не на жизнь, а на смерть. Прежде чем окончательно поставить врага на колени, придется пожертвовать чьими-то жизнями. Все это прекрасно понимали. Но что удивительно, когда я беседовал с солдатами или с офицерами, то ни от кого не слышал разговоров про смерть. Кто бы ни был, все они рассказывали, как они после войны вернутся домой, к мирной трудовой жизни».

Наутро советские войска полностью овладели городом Каров. Фашисты массово сдавались в плен. Тем временем жители Берлина, поняв, что неприятелю конец, были в панике.

В ожидании приказа бойцы дивизии расположились в парке Карова со стороны Берлина. Вскоре пришел командир батальона майор Твердохлеб и объявил перед строем: «...Чтобы дойти до центра города, надо преодолеть многочисленные заграждения. Каждый дом - крепость, каждая улица, каждый канал – оборонительная линия, городские площади – целая сеть заградительных сооружений. Фашисты приготовились защищать столицу до последнего солдата, до последнего патрона. По приказу Геббельса сотни тысяч городских жителей были выгнаны на защиту «третьего рейха».

Батальон, в котором служил Рахымжан Кошкарбаев, был снаряжен в первый штурмовой отряд. Таких батальонов в дивизии было несколько. К штурмовым батальонам были добавлены





по одному саперному и химическому взводу, а сам батальон разделялся на две группы, чтобы в каждой группе была рота автоматчиков, четыре пушки, три-четыре противотанковых орудия, два станковых пулемета и два-три танка.

Бойцы батальона были рады, что именно им выпала честь быть в первом штурмовом батальоне. Командир батальона, получив самостоятельность, брал на себя ответственность за командование усиленным подразделением, что было необходимо для ведения уличных боев.

Рахымжан Кошкарбаев писал: «Центр города со всех сторон, начиная с окраин, представлял непрерывную цепь оборонительных сооружений. Это нам стало ясно, когда мы достигли города Бланкенбург, граничащего с Берлином в районе реки Тегелер-зее. На улицах города сопротивление немцев было очень жестоким. Чтобы погасить сопротивление врага нам приходилось делить силы батальона на отдельные группы, для ведения локальных уличных боев. Хорошо, что при наступлении нашей роты помогали два-три танка. Их в свою очередь охраняли пехотинцы от фашистских фаустпатронов».

Вскоре бойцы дивизии вступили в немецкую столицу. В частности, их усилиями велись бои за район Моабит недалеко от Рейхстага. Советские войска понимали, что неприятелю осталось держать оборону города считанные часы.

Ожесточенные бои шли за дом Гимmlера, который советские войска взяли с большими потерями. Именно в этом доме лейтенант Кошкарбаев получил приказ

установить знамя победы на Рейхстаге. На это он ответил: «Прошу включить меня в группу, которая установит знамя победы на Рейхстаг!».

В группе с ним должны были идти разведчики полка: старший лейтенант Сорокин, рядовые Булатов, Провоторов, Лысенко, Орешко, Пачковский, Брежневский.

Знамя Кошкарбаеву вручил политрук батальона старший лейтенант Васильченко. Оно было изготовлено из красного материала, а флажок был сделан из оконной рамы.

Группу Кошкарбаева тщательно проинструктировали, предупредив, что перед рейхстагом вырыты рвы с водой и что их будут яростно обстреливать. Члены группы подошли к окну, чтобы выбрать удобный момент и выпрыгнуть. Лейтенант был уверен, что до Рейхстага они доберутся быстро.

«Вроде бы огонь поутих. Я расстегнул свою ватную гимнастёрку и спрятал знамя, затянул посильней ремень и посмотрел на часы. Время показывало ровно одиннадцать часов. Ребята из нашей группы собрались возле окна и, словно тигры, приготовились к прыжку. «Вперед, товарищи!» - скомандовал я и первым прыгнул из окна на Королевскую площадь. Враг, как будто ждал моего прыжка, и открыл шквальный огонь. Я заметил, что не смогу лежать на этом открытом асфальте и начал оглядываться. Неподалеку я заметил небольшую воронку от снаряда. Ползком я добрался до воронки и провалился туда. В этот момент на меня сверху кто-то свалился», - вспоминал в своей книге лейтенант.

Этим кто-то был рядовой Григорий Булатов. Вдвоем они

ползком вылезли из воронки. Вокруг них царил картина разрушений, подбитые танки и перевернутые орудия. Кошкарбаев писал: «От Дома Гимmlера до Рейхстага было каких-то триста метров. Но для ползущего человека это расстояние кажется намного длиннее. Вид на Рейхстаг отсюда, конечно, был как не из окна. Мы отчетливо увидели его. Внешний вид у него был грозным, с серыми стенами, - высокий дом с куполом».

Вдвоем, как можно тише, они продолжали ползти по асфальту. Вдруг совсем рядом с ними разорвался фаустпатрон. Спрятавшись за перевернутую пушку, для них началось время томительного ожидания, проходившего под градом пуль.

Используя широкий лафет перевернутой пушки, Рахымжан выглянул, чтобы оглядеться. Враг вел прицельную стрельбу по площади перед Рейхстагом из парка Тиргартен.

«Когда мы почувствовали, что пули полетели у нас над головами и били позади нас, мы, пригибаясь как можно ниже, поползли в сторону нашего горящего подбитого танка. Но, не дойдя до танка, мы уперлись в трупы немецких солдат и, укрываясь ими, пролежали еще какое-то время. Все трудности, выпавшие нам в тот момент, сейчас трудно описать. На наших коленях и локтях не осталось ни одного живого места. Ладони тоже были все стертые и исцарапаны. Гимнастерки наши потяжелели, став мокрыми от нашего пота», - так Рахымжан Кошкарбаев описывает свои ощущения.

Лейтенант посмотрел на часы. С тех пор как они выпрыгнули из окна дома Гимmlера прошло три часа. Расстояние от этой точки

до Рейхстага, примерно, 300 метров, а им удалось проползти только 50 метров.

Впереди показалась вся продырявленная трансформаторная будка, до которой открытое, насквозь простреливаемое пространство. Кошкарбаев понимал, что в этих условиях даже ползти не получится. Однако, если встать и резко побежать вперед, то противник не успеет поменять свою тактику. Лейтенант сказал лежащему рядом Булатову: «Ну, все, Гриша, бежим». Со всех сторон слышался свист пуль, но им удалось добежать до будки и засесть там.

Выглянув из-за будки, Кошкарбаев увидел длинную высокую земляную насыпь, которая специально была наведена на край канавы, чтобы не дать пройти танкам. Для продвижения вперед не было подходящего момента.

В то время как двое бойцов лежали и обдумывали дальнейший план действий, советская артиллерия открыла огонь по Рейхстагу и парку Тиргартен. Воспользовавшись этим моментом, они со всех ног побежали к насыпи. С ходу перепрыгнув ее, они оказались по грудь в воде.

Из книги «Знамя Победы»: «Вода в канаве была мутная и покрылась бурой тиной. От жажды у нас кипела кровь в венах, поэтому мы непроизвольно глотнули из канавы. Мне показалось, что я выпил густой чай со сметаной, отчего я сразу вспотел. Мы помыли лицо и руки, и немного отдохнули. Правая сторона канавы соединялась с каналом, и мы пошли в том направлении. Во-первых, из канавы ничего не было видно и невозможно было подняться наверх, во-вторых, на канале был поломанный мост. Мы с трудом зацепились

за детали моста, поднялись наверх и укрылись в каком-то углублении».

До Рейхстага оставалось не более ста метров, но грохот орудий не давал возможности выбраться из укрытия и продолжить движение.

Сидя в сырой канаве, бойцы начали постепенно замерзать. У Рахымжана Кошкарбаева сильно давило в висках от водоворота мыслей. Голову начали наполнять картины из прошлого.

Тут он вспомнил о знамени, спрятанном под гимнастеркой, освободил его от черной бумаги, которую выкинул в сторону канала. Потом из нагрудного кармана достал химический карандаш и на флаге с краю написал: «674-й полк, лейтенант Кошкарбаев, красноармеец Булатов».

Советская артиллерия вела шквальный огонь с разных точек по Рейхстагу. Все вокруг покрыла завеса тумана. Под ее прикрытием наши герои помчались вперед.

«Когда я уже добежал до порога лестницы Рейхстага, я почувствовал, как будто меня кто-то сильно ударил по правой ноге. Григорий до этого места опередил меня где-то на два метра. Мы быстро спрятались за большой каменной опорой. Вовремя успели укрыться, так как сразу же рядом услышали разрыв снаряда и скрежет многочисленных осколков об опору», - писал Рахымжан Кошкарбаев.

Испытывая радостное волнение, на глазах красноармейцев выступили слезы. Их глазам предстал Рейхстаг: наглухо заколоченные двери, заложенные кирпичами окна и каменные столбы. Знамя было уже в руках у лейтенанта. Возник вопрос – в какое место его установить?

Рахымжан увидел, что на окне первого этажа, на самом верху, ближе ко второму этажу, разрывом от снаряда было выбито несколько кирпичей – самое подходящее место.

Лейтенант предложил крепкому Булатову забраться ему на плечи и закрепить знамя. Григорий так и сделал. Через некоторое время Булатов сказал: «Я закрепил знамя, товарищ лейтенант!» и спрыгнул на землю.

Рахымжан Кошкарбаев отошел на несколько шагов назад и посмотрел на знамя. «Ура!» - тихо сказал он.

Григорий Булатов расплылся в улыбке до ушей. В это время ветер начал колыхать знамя, игравшее с ним. Оно словно бы приглашало к себе советских бойцов. Лейтенант Кошкарбаев посмотрел на часы, на которых время показывало половину седьмого вечера.

Так подвиг Рахымжана Кошкарбаева остался в памяти поколений. В сводке Совинформбюро от 30 апреля 1945 года диктор Юрий Левитан сообщил: «... В Берлине войска фронта, продолжая вести уличные бои в центре города, овладели зданием германского Рейхстага, на котором водрузили Знамя Победы».

О подвиге двух советских воинов писали фронтовые и полковые газеты. За беспрецедентное мужество, проявленное при выполнении этого сложного задания, они были представлены к званию Героя Советского Союза. Однако так и не были награждены «золотыми звездами».



ЗНАМЯ БЫЛО
УЖЕ В РУКАХ У
ЛЕЙТЕНАНТА.
ВОЗНИК ВОПРОС
– В КАКОЕ МЕСТО
ЕГО УСТАНОВИТЬ?
РАХЫМЖАН
УВИДЕЛ, ЧТО НА
ОКНЕ ПЕРВОГО
ЭТАЖА, НА САМОМ
ВЕРХУ, БЛИЖЕ
КО ВТОРОМУ
ЭТАЖУ, РАЗРЫВОМ
ОТ СНАРЯДА
БЫЛО ВЫБИТО
НЕСКОЛЬКО
КИРПИЧЕЙ
– САМОЕ
ПОДХОДЯЩЕЕ
МЕСТО.

8 мая 1965 года по приглашению общества советско-германской дружбы по случаю двадцатилетия Победы, Рахымжан Кошкарбаев был приглашен в Берлин. В этот день он прошелся пешком и увидел отреставрированные Рейхстаг и Бранденбургские ворота. В 1970 году он во второй раз посетил немецкую столицу.

«Наша победа в истории человечества – высочайшее достижение. Она показала величие нашего социалистического строя, показала силу идей коммунизма. Эта победа показала всеобщий героизм, стала образцом для будущих поколений. Как для всего мира, так и для советского народа эта победа была так необходима. Эта победа нужна была для народов всей Земли», - как-то сказал Рахымжан Кошкарбаев.

Публикация подготовлена по книге Р. Кошкарбаева «Знамя Победы».



КӨК ЖҮЗІНІҢ ҚЫРАНЫ

Мен өзімді бақытты жандардың қатарында санаймын. Әскери қызметте жүрген кезімде әскербасылық жоғары лауазымдарда болған көптеген атпал азаматтармен жақын танысып араласуға және көбімен бірге қызмет етуге мүмкіндіктер алдым. Асыл ағалардың, көшбасшы құрдастардың, іскер інілердің әрқайсының өнегелі өмірі әрқашан білім көкжиегімді кеңейтуге себеп болғаны рас. Ілгеріде олардың туған жер, туған ел, патриоттық тәрбие туралы айтқандары да есімде. Шынын айтсам, кейде осыларымды мақтан тұтамын. Солардың бірі де бірегейі – қазақтың маңдайына жарық жұлдыз болып біткен екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов көкем. Әрине, мектептегі оқушы кезімізде ол туралы оқыдық. Бірақ, әдебиеттегі там-тұмдаған аз ғана материалдар Батырдың болмысын терең ашпайтын. Бір сөзбен айтқанда, оқығанымыз бен аузынан естігеніміздің айырмасы жер мен көктей болатын.



Талғат Бигелдинов – Ұлы Отан соғысына қатысушы, кеңестік шабуылдаушы-ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры. 305 жауынгерлік миссия жасаған. 1922 жылы Ақмола облысында дүниеге келген. Балалық шағы мен жастық шағы Бішкекте өткен. 1940 жылы 16 жасында Балашов әскери авиациялық ұшқыштар мектебіне түсіп, оны 1942 жылы бітіріп, Орынбордағы Чкалов әскери авиациялық училищесіне ауыстырылған. 1943 жылы Калинин майданында келіп, 296-дивизияның 800-ші шабуылдаушы авиациялық полкінде Ил-2 шабуыл ұшағымен ұрысқа қатысқан.

1944 жылдың қазанында Знаменка, Кривоград қалаларын азат ету кезінде көрсеткен жауынгерлік шеберлігі үшін және жаудың төрт ұшағын атып түсіргені үшін гвардия аға лейтенанты шенінде

Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Сол күзде капитан шенімен Украина майданының 144-ші гвардиялық шабуыл авиациялық полкінің эскадрилья командирі болған.

1945 жылы маусымда эскадрильяны шебер басқарғаны үшін және Краков, Оппельн (Ополе), Катовице, Бреслау (Вроцлав) және Берлин үшін шайқастарда жау әскерлері мен техникасының кластеріне шабуыл жасаудағы жауынгерлік шеберліктері үшін екінші «Алтын жұлдыз» медалімен және Кеңес Одағының Батыры атағымен марапатталған. Айтпақшы, сол 1945 жылы маусымда Мәскеудегі Жеңіс шеруіне қатысқан.

Соғыстан кейін КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған.

Шамамен осындай ғана ақпараттарды білуші едім. Ал, есейе келе шынайы өмірде көк жүзінің қыраны

атанған сол бір парасатты батырмен кездесемін, сан мәрте әңгімесін тыңдаймын деген ой ешқашан ойыма кірмепті.

Әлі есімде, 1997 жыл. Жетіген гарнизонындағы полковник (кейіннен авиация генерал-майоры) Мұқаметжан Ибраев басқаратын авиациялық полкке әскери бөлім күніне бардық. Әскери тәртіп бойынша бөлім командиріне өзімді таныстыру мақсатымен кабинетіне кіріп барып, қаққан қазықтай бір орнымда қаттым да қалдым. Неге дейсіз ғой? Қарсы алдымда қазақтың қас батыры Талғат Жақыпбекұлы қасындағыларға соғыс кезіндегі бір оқиғаны айтып, ішек-сілесін қатырып күлдіріп отыр екен. Әңгімесін бір сәтке тоқтата қалды да:

– Вот, вам живой пример. Я был таким шустрим, как он, - деп есіктің алдында тұрған



маған қарай қолын созбасы бар ма. Сосын мені бұрыннан танытын адамдай (әлде біреумен шатастырды ма екен) сөзін жалғастырып, – Ну, приветствуем тебя. Қалың қалай, жақсы ма? Қане, мына жаққа төрге шық. Мен айтып бітіріп алайын, сосын сөйлесеміз.

Өз көзіме өзім сене алмай тұрмын. Бас киіміме тигізіп, «честь» беріп тұрған қолым сасқанымнан қатып қалған сияқты, алға қарай соза алмай тұрмын. Шындығын айтсам, созылмайды! Мұқаметжан Шәмүшкенұлының: «Қолыңды бер, қолыңды бер. Батыр сенімен амандасып тұр ғой» дегені демеу болды ма, содан кейін ғана өз-өзіме келе бастадым...

Әйгілі батырмен алғашқы таныстығым осылай басталған. Бірақ одан кейін ол кісімен көп кездестім, сан түрлі әңгімелерін тыңдадым. Әсіресе, өзінің замандасы, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовпен екеуінің әзілдері көп ұнайтын. Көпке

танымал ұшқыш ағамыз Байзулла Акижановпен де әңгімелері, өзара сый-құрметі жоғары еді. Ұшқыштар әлемінде «13» деген сан болмайды. Ал Батыр ағамыздың соғыс кезінде мінген «Ил-2» шабуыл ұшағының нөмірі «13» болған. Әуеге көтерілген сайын Қадиша әжесі (марқұм 101 жасқа келіп өмірден өткен) үйреткен сапарға шыққанда айтылатын дұғаны оқиды екен.

Әнеүгүні аты аңызға айналған батыр ағамыздың Алматыда тұратын кемпірі Орындыбике апамен де сөйлестім. Апам: «Ағаң туралы жазсаң, шынайы бейнесін нақты көрсет. Әйтпесе, жазбай-ақ қой», деп қадау-қадау тапсырмалары мен нақты талаптарын қойды...

Оның сыртында қызы Галина Талғатқызының да айтары мен бөлісері аз емес екен. Ол кісімен де тақырыпты кейінірек кеңейтуге уағдаластық.

Аты аңызға айналған батырмен тірі күнінде бір емес, бірнеше рет кездітім, ғұмырнамалық салиқалы

мақала жазғаным да бар. Тағы да айтамын, Талғат көкемді көрген сайын, тіпті, балаша мәз болатынмын. Өйтпегенде ше?! Суретін тек кітаптан көріп, теледидардан тамашалайтын әйгілі ұшқышқа сәлем беріп, қолын алу, сосын қасында жүру немесе қатар болмаса да жақынырақ отыру шынымен үлкен бақыт еді ғой!

Міне, мұның барлығын суреттеп жаза алсам, том-том кітаптарға арқау болар дүние екені сөзсіз. Әзірге бұл жолғы жазбамыз екі мәрте Кеңес Одағының Батыры авиация генерал-майоры Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов атындағы Қарағанды республикалық «Жас ұлан» мектебінің 40 жылдық мерейтойы қарсаңында өрілген ой өрнектері болсын. Батыр жайлы бүгінгі әңгімені



әңгімелерін тыңдадым. Неге екенін, бұл күнде нақ басып айта алмаймын, бірақ бірінші кезіккен күннен бастап-ақ мен ол кісінің өзіне тән ерекше мәнердегі дауыс ырғағын, тағылымды әңгімелерін тыңдағанды ұнаттым. Кейде ананы-мынаны білгім келіп, сөз арасында сұрақ та қоятынмын. Оған өзім іштей қуанып қалатын едім. Қорғаныс министрлігі Телефотостудиясының редакторы болып қызмет етіп жүрген жылдары екі рет телехабарға шығардым, қосымша үш-төрт рет газетке

саналы түрде осымен тоқтата тұрып, айтулы білім ордасының бүгінгіне сәл шолу жасайық.

Білім мен ғылымның қарыштап дамуы – көз ілестірмей жүретін аса ауқымды процесс. Әлбетте, олардың даму өзгерістері болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Тәрбиеленуші ұландарға жалпы орта білім берумен қоса әскери білім мен дағдыларды, саналы тәрбиені сіңіруде Қарағанды республикалық



«Жас ұлан» мектебінің орны ерекше. Аталған білім ордасы алғашында қазақ жастарын әскери мамандыққа бағдарлау, оларды әскери оқу орындарына түсуге даярлау мақсатында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1984 жылғы 27 маусымдағы №278-20 шешімімен оқушыларды қарқынды әскери-дене шынықтырумен дайындайтын және орыс тілін тереңдетіп оқытатын Қарағанды республикалық арнайы мектеп-интернаты болып құрылды. Тәуелсіз Қазақстанның төл әскері құрылғаннан кейін 1992 жылғы 9 шілдеде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №587 қаулысымен «Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты» болып өзгертілді. Сол жылы 4 тамызда Министрлер Кеңесінің №653 шешімімен Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернатына екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Бигелдиновтің есімі берілді. Ол жылдары оқу орны Білім және ғылым министрлігіне қарайтын. Кейінірек, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 қыркүйектегі №789 қаулысымен мектеп Қорғаныс министрлігінің қарамағына өтіп, «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Бигелдинов атындағы Қарағанды республикалық «Жас ұлан» мектебі» республикалық мемлекеттік мекемесі деген атау алған.

Міне, осылайша өткен 40 жыл ішінде мектеп бес мыңнан аса түлек тәрбиелепті. Олардың ішінде есімі елге танылған, ерен еңбегімен көзге түскен азаматтар өте көп. Бір сөзбен айтқанда, бабалар салған жауынгерлік дәстүр ауыз толтыра атап өтуге тұрарлық тұшымды табыстармен жалғасып



келеді. Кадрлық құрам кәсіби мамандармен жасақталған. Мектеп бұл күнде «Назарбаев зияткерлік мектебімен» орта білім беру саласында озық тәжірибені тарату, жаңа оқыту және тәрбиелеу әдістемелерін енгізу, педагогтардың біліктілігін арттыру, оларды жаңа тәсілдерге, әдістемелер мен 76 инновацияларға оқыту шеңберінде тығыз әріптестік жасап отыр. Білім алушылар «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық ойындарына, қалаішілік, мектептер арасындағы және республикалық дәрежедегі «Абай оқулары», «Ақбота», «Кенгуру» секілді байқау-

конкурстарға, пәндер олимпиадаларына және т.б. іс-шараларға қатысып, ұдайы алдыңғы қатарлы жеңімпаздар қатарынан көрінуде. Биыл «Айбын» жарысында екінші рет Гран-при жүлдегері атанды.

Мектепті осы уақытқа дейін Д.Б.Арунов, Д.Н.Яковина, Н.Т.Попов, Н.А.Антонов, С.А.Қазақбаев, А.А.Жайлыбаев, А.К.Балғабеков, А.А.Жанжолов сынды офицерлер басқарған. Ұжымның қазіргі бастығы подполковник Бағжанов Жанат Тоқтарбекұлы өзінің алдындағы осы ағалары қалыптастырған игі істерді оң жалғастыра білуде.

Үлкен өмірге қанат қаққан 38 түлектің ішінде басшы да, ғалым да, кәсіпкер де, спортшы да, ақын мен жазушы да шықты. Мектеп мақтанышына айналған қос генерал-майор Жүсіповтер бар. Бір ерекшелігі сол, тектері ұқсас қос генералдың екеуі де – аты аңызға айналған сұлу да көркем Көкшетау өңірінің тумасы. Мұндай ұқсастықтың өзі – сирек кездесетін құбылыс. Бүгінде ҚР ҚМ Бас штабы бастығының орынбасары лауазымындағы Сәкен Сауытбайұлы (II дәрежелі «Айбын» орденінің кавалері) 1987 жылы, ал ҚР ҚК Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы Асан Қуанышұлы 1991 жылы осы мектепті бітірген. Қос генералдың әскер тектері мен түрлерінде жүріп қызметтік сатыдағы шыққан биігі мен әрбір жетістігі – оларға сабақ берген, қанатын қатайтып, үлкен өмірге ұшырған алғашқы командирлері мен ұстаздарының өлшеусіз жетістігі.

Әскери білім мен ғылым саласында полковниктер РФ ә.ғ.к (2015), ҚР





философия докторы (PhD, 2016), Қазақстанның ассоциацияланған профессоры (доцент) Ақшолақов Қуандық Жақсыбайұлының, ҚР философия докторы Тыныбаев Сәндібек Қыстаубекұлының, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің өкілі, әскери іс пен қауіпсіздік магистрі Саматов Ақылбек Қайырсапиұлының, з.ғ.к. (2000), ҚазМЗУ кафедра доценті Қобыланды Фархадтың және басқалардың есімдері мақтанышпен аталады.

Ауған соғысының ардагерлері полковниктер Қазақбаев Сержан Абдолдаұлы мен Жайлыбаев Ахмет Арықбайұлы әр жылдарда мектеп ұжымын абыройлы басқара білді. Олардың тұсында қол жеткен жетістіктер толайым. Жат жерде жанын жаралағандар қатарында мектептің бұрынғы және бүгінгі қызметкерлері Грызлов Сергей Николаевич, Қасенов Қожахмет Сағындықұлы, Байкенов Асқар Сағитұлы, Шабденов Нұрлан Жанжолұлы, Құдайбергенов Макар Қаршығаұлы да бар. ҚР ҚК ардагері отставкадағы м/қ подполковнигі Котой Александр Андреевич те әлі күнге саптан қалған жоқ.

Түлектер арасында В.Ф.Пономарев, М.Ж.Исенов, К.Б.Кужахметов, Н.П.Фомин, А.Е.Сатвалдинов, А.А.Ахметов, Н.Б.Шаштыбаев, Б.К.Саконов, Ж.Қ.Ермұханов, М.Кәкімұлы, Қ.Б.Смағұлов, т.б. омырауында әртүрлі ордендер мен медальдар жарқырайды,

Подполковник Бағжанов Жанат басқаратын бүгінгі ұжым аға толқынның

абыройлы ісін жоғары деңгейде жалғастырып отыр. Мерейтой қарсаңында елеулі еңбектерімен есімдері ел аузына іліккен командирлер мен ұстаздардың біразын атап өткеніміз артық болмас. Майорлар А.Қалдыбеков, А.Тұрғанбаев, запастағы капитан А.Байкенов, лейтенант Т.Б.Хамзин, қызметкерлер мен мұғалімдер А.Смаилов, С.Прутько, Қ.Берлібеков, С.Бекбергенова, Д.Нұртаев, Г.Көпбаева, Р.Тойбекова, А.Балтабаева, Е.Огняник, Б.Дәулетханқызы, т.б. сияқты көптеген азаматтарды мақтанышпен еске аламыз. Ал әр жылғы түлектер арасында Қ.Мәжікенов, Ә.Нұрпейісов, Н.Бекішев, М.Жалмағамбетов, С.Шаримов, Д.Аушатов, Е.Абулгазин, Ж.Қысатаев, Ә.Болғамбаев, Ф.Лабурченко, Е.Шодыров, Ғ.Нұрпейісов, А.Сарынов, Е.Үмбетов, М.Болпақов, М.Кирмандаев, Б.Саконов, Н.Тоққожинов, А.Сатыбалды, А.Садуев, Р.Сұлтанғалиев және басқа көптеген азаматтар еңбегімен

елге танымал болды.

Қорыта айтқанда, осындай жас сарбаздарды тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп жүрген мектеп ұжымына: ұлағатты ұстаздарға, рота командирлеріне және офицерлерге шексіз алғыс айтқан абзал. Мектептің жылдан жылға қалыптасып келе жатқан дәстүрін сақтап, одан әрі жалғасуына әрқайсы орасан зор үлес қосуда. Сөз соңында, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов атындағы Қарағанды республикалық «Жас ұлан» мектебінің ұжымын, түлектерін, тәрбиеленушілерін биылғы 40 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға береке-бірлік, еңбектеріңізге жеміс тілеймін, кең байтақ еліміздің іргесі сөгілмесін, аспанымыз ашық, заманымыз бейбіт болсын, құрметті әріптестер!

**Марат ЖҮНІС-БЕК,
ҚР ҚК ардагері**





Местные органы военного управления играют незаменимую роль в обеспечении безопасности и обороны страны. Их работа требует не только профессионализма, но и эффективного взаимодействия с населением и местными властями. На МОВУ возложена задача по поддержанию мобилизационной готовности Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований РК и укомплектованию их военнослужащими всех уровней.

ЗДЕСЬ НАЧИНАЕТСЯ ПУТЬ В АРМИЮ





Днем местных органов военного управления считается 12 сентября. В этот день в 1991 году вступил в силу Указ Президента Казахской ССР о придании Военному комиссариату статуса республиканского органа и подчинении ему всех военкоматов республики.

Современная система местных органов военного управления состоит из департаментов, управлений и отделов по делам обороны, дислоцированных во всех областях, городах и районных центрах. Подразделения местных органов военного управления выполняют задачи по комплектованию войск и военных учебных заведений, ведению учета и организации подготовки военно-обученного резерва.

В тесном взаимодействии с местными исполнительными органами и республиканскими общественными организациями офицеры органов военного управления ведут работу по военно-патриотическому воспитанию подрастающего поколения, занимаются профориентационной

работой среди молодежи, желающей поступить в военные учебные заведения.

По случаю профессионального праздника в местных органах военного управления по всей стране состоялись торжественные собрания.

В актовом зале Мангистауской областной филармонии имени М. Оскинбаева состоялось торжественное мероприятие, посвященное празднику.

Особым моментом праздника стало вручение наград лучшим военнослужащим. Они были отмечены грамотами от имени акима Мангистауской области и начальника Департамента по делам обороны полковника Руслана Балтемирова. Ветераны Вооруженных Сил получили медали «Казахстан патриоты» за неоценимый вклад в защиту Родины.

Полковник Руслан Балтемиров в своем выступлении подчеркнул важность взаимодействия органов военного управления с местными исполнительными органами и республиканскими общественными организациями. Офицеры ведут активную работу по военно-патриотическому воспитанию молодежи, стремящейся поступить в военные учебные заведения.

Завершилось торжественное мероприятие концертной программой, подготовленной коллективом художественной самодеятельности Мангистауской областной филармонии. Праздничная атмосфера объединила всех участников, подчеркнув

значимость вклада местных органов военного управления в поддержание обороноспособности страны.

Поздравили с профессиональным праздником работников местных органов военного управления и военнослужащие Карагандинского гарнизона.

В торжественном мероприятии приняли участие заместитель акима Карагандинской области Алибек Алденей, начальник регионального Департамента по делам обороны полковник Жанас Кунанбаев, личный состав и ветераны Департамента по делам обороны, представители творческих объединений. Заместитель главы региона поздравил сотрудников военкоматов и вручил ряду из них благодарственные письма от имени акима области за многолетний и добросовестный труд, личный вклад в дело укрепления местных органов военного управления.

- Стоит отметить, что каждый молодой человек, гражданин нашей страны, вступает во взрослую





жизнь на пороге наших учреждений. После обретения независимости в местных органах военного управления был проведен ряд преобразований. В настоящее время в рамках цифровизации армии 93% услуг, оказываемых военкоматами, переведено в электронный формат. Это позволяет гражданам получать все необходимые документы удаленно. Поздравляю всех с профессиональным праздником. Военнослужащим желаем успехов, счастья вашим семьям! Пусть спокойствие и единство нашего народа будут крепкими, а оборона страны - надежной, - отметил руководитель Департамента по делам обороны Карагандинской области полковник Жанас Кунанбаев.

В Департаменте по делам обороны Жамбылской области, приветствуя участников торжественного мероприятия, начальник департамента полковник Нурбол Зейнелов подчеркнул, что местные органы военного управления – это стартовый этап в судьбе каждого человека, который приходит в армию, независимо от целей.

– И юноши призывного возраста отправляются в ряды Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований из местных органов военного управления, и абитуриенты военных вузов - будущие офицеры - начинают свой путь в армию через наши органы, через нас проходят военнообязанные, отправляясь на сборы, и курсанты Военно-технической школы на учебу, – перечислил полковник Нурбол Зейнелов. – И даже отслужив положенное время, уволенные в запас военнослужащие вновь

прибывают в органы военного управления, но уже чтобы встать на воинский учет. Так что наша структура не единожды сопровождает всех, кто соприкасается с военной службой.

В том, что работа местных органов военного управления прочно налажена и имеет четкую систему, в немалой степени заслуга ветеранов, которые в свое время приложили немало усилий для развития и укрепления системы этой работы. Вклад ветеранов ценят, как и их самих, поэтому в профессиональный праздник почетными гостями Департамента по делам обороны Жамбылской области стали генералы, которые значительный период своей военной деятельности посвятили службе в органах военного управления. На торжество прибыли председатель Совета генералов Жамбылской области генерал-майор в отставке Абдыхапар Казиев и генерал-майор в отставке Алимжан Ерниязов. Оба они в свое время проходили службу в составе ограниченного контингента советских войск в Афганистане, имеют боевой опыт и большой опыт службы в войсках, воспитали немало поколений молодых офицеров и солдат для казахстанской армии, и ко всем вопросам профессиональной деятельности всегда подходили с высокой ответственностью.

– Я сам начал свою военную службу, прежде всего, придя в наш областной военкомат после окончания школы в 1971 году, – вспоминает генерал-майор Абдыхапар Казиев. – Помню, как нас, молодых пацанов, поступающих в военное училище, приветствовал областной комиссар



полковник Айтжан Калтаевич Калтаев, который лично беседовал с каждым из нас. Его внимание и забота здорово нас воодушевили. Тогда я и усвоил, что именно так нужно встречать парней в военкомате: со словами поддержки и одобрения.

Такой человеческий подход к людям потом Абдыхапар Казиев неизменно применял в своей дальнейшей работе сначала в должности начальника районного военного комиссариата, затем городского, а после – областного военного комиссариата Жамбылской области. Кто лучше, чем офицер, прошедший войну, мог бы воодушевить молодых призывников перед отправкой в армию? Абдыхапар Казиев всегда напутствовал их нужными и важными словами поддержки.

– Военная служба – это, действительно, святая обязанность каждого гражданина Казахстана. И очень важно подобрать для призывников нужные слова о верности служения Отечеству и важности воинского долга, – добавил генерал-майор в отставке Алимжан Ерниязов. – Я сам

несколько лет прослужил в органах военного управления Кызылординской области, и убежден, что если мы будем постоянно вникать в вопросы воспитания подрастающего поколения, то будем спокойны за качество призыва.



Армию нужно пройти всем юношам, которые хотят быть достойными мужчинами и патриотами своей Родины.

Отмечая заслуги сотрудников местных органов военного управления, и тех, кто вышел на военную пенсию, и тех, кто продолжает оставаться в строю, начальник Департамента по делам обороны Жамбылской области Нурбол Зейнелов подчеркнул, что на современном этапе

система работы этой структуры существенно обновилась, и это вызвано требованием времени.

– Так, в настоящее время процессы взаимодействия с гражданами практически полностью автоматизированы.

На сегодняшний день большую часть государственных услуг Министерства обороны выполняют управления и отделы по делам обороны, – проинформировал Нурбол Зейнелов. – Посредством цифровых ресурсов организуется призыв граждан на срочную воинскую службу, предоставляется отсрочка и освобождение от призыва, осуществляется контроль за соблюдением административного законодательства касательно вопросов воинского учета и призыва.

Также в электронный формат перешел процесс перевода воинского учета военнообязанных и призывников с отображением сведений об отношении гражданина к воинской службе в личном кабинете на портале eGov.

Идя в ногу со временем, местные органы военного управления совершенствуют систему своей работы, что дает им право называться современными. Но при этом военнослужащие департаментов, управлений и отделов по делам обороны чтят боевые традиции, трепетно относятся к своей истории, благодаря чему она передается из поколения в поколение, становясь с каждым годом богаче и ярче.





ЕКІНШІ ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЕРЛІК ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ



ТАЯУДА КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ГЕНЕРАЛ САБЫР РАҚЫМОВ АТЫНДАҒЫ ШЫМКЕНТ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЖАС ҰЛАН» МЕКТЕБІ ӨЗИНІҢ 40 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН АТАП ӨТТІ. СОНЫМЕН ҚАТАР ОЛ ЕНДІГІ ЖЕРДЕ КОЛЛЕДЖ МӘРТЕБЕСІНЕ ИЕ БОЛДЫ. ДЕМЕК, БІЛІМ ОРДАСЫНДА ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР ЕНДІГІ ЖЕРДЕ БҰРЫНҒЫДАЙ ОРТА БІЛІМ ТУРАЛЫ АТТЕСТАТ ЕМЕС, ҚОЛДАРЫНА АРНАЙЫ МАМАНДЫҚТЫ ИГЕРГЕНІ ТУРАЛЫ ДИПЛОМ АЛЫП, ОРТА БУЫН КОМАНДИРІ АТАНАТЫН БОЛАДЫ.

ОҚУ ОРНЫ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН 38 РЕТ ТҮЛЕК ҰШЫРДЫ. ЦИФРЛЫҚ КӨРСЕТКІШПЕН АЙТАР БОЛСАҚ, ӨТКЕН ЖЫЛДАРДА 4792 ҰЛАН ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ. КЕШЕГІ МЕКТЕПТИҢ МАҚТАНАРЫ КӨП, КІЛ МЫҚТЫ ШӘКІРТТЕР ШЫҚТЫ. 2 МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, 7 ГЕНЕРАЛ, 100-ГЕ ЖУЫҚ ПОЛКОВНИК, 40-ҚА ЖУЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА ИЕГЕРІ ЖӘНЕ БАСҚА ЕЛ МАҚТАҒАН АЗАМАТТАР ОСЫ ЖЕРДЕ БІЛІМ АЛҒАН. КОЛЛЕДЖГЕ ДЕ СОНДАЙ БИІКТЕРДІ ТІЛЕЙ ОТЫРЫП, БІР ҒАНА КҮРСТЫҢ ЖЕТІСТІГІНЕ ШОЛУ ЖАСАМАҚПЫЗ.



ОСПАНОВ ДАУЛЕТ

Мектеп түлектері ішінде қай жылғы түлектерді алсақта, ауыз толтыра атап өтерлік жетістіктері бар. Бірден атап өтейік, бірінен бірін бөліп алу мүмкін емес. Әрқайсына жеке-жеке тоқталғымыз-ақ келеді. Бірақ оларды «Айбын» журналына арнаған шағын мақаламызда толық қамтып өту мүмкін емес. Алла сәтін салса, кейінірек ойға түйгеніміздің барлығын тұтас жинақтап, кеңейтілген шығармамызға арқау ете жатармыз деген үміттеміз. Міне, осындай мұғдарлы мақсатымыздың үлгісі болсын деген ниетпен осы бір шағын мақаланы оқырмандар назарына ұсынуды жөн санадық.

Оқыған адам ой қосар, тілек білдірер деген ниеттеміз.

* * *

Мектеп тарихындағы 1988 жыл болатын. РЭМИ-дің 89 тәрбиеленушісі үлкен өмірге жолдама алды. Әрқайсының алдында арман оты алаулап, жүректер жалын атып тұрған шақ. Бәрі де жұмбағы көп өмірдің әр арнасына бет түзеп, қалықтап ұшып бара жатқан қыран құсқа ұқсайтын еді...

Күні кеше ғана сарыуыз балапанға ұқсаған сол балалар қазір 55-тің ар жақ, бер жағындағы жігіт ағасы



АДЫРБЕКОВ ДУЛАТ

жасына келді. Ал олар өткен жолдың өзі қазір тарих болып қатталып жатыр. Біреулер байқамайтын шығар, біреулер бағалай бермейтін шығар. Әйтсе де, ол ешбір дәлелдеуді қажет етпейтін шындық – аксиома!

Бұл күнде Шымкент мектебінен шыққан жігіттердің жетеуі «генерал» жоғары әскери атағын иеленсе, соның үшеуі – осы жылғы түлектер. Осы көштің басын Дәулет Оспанов бастаса, Дулат Адырбеков қостады. Ал Руслан Кунуров, сонымен қатар, Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы лауазымындағы тұңғыш түлек атанды. Соңғы екеуінің «Ауданның Құрметті азаматы» деген атақтары тағы бар.

М.О.Хамзин, Ю.М.Асқаров, К.Е.Альзахов, А.М.Рахметов, М.С.Галямов, Н.К.Байдуллаев, К.К.Еспагамбетов, Ж.Қ.Құтжанов, М.Р.Каримов, М.Б.Тлеубергенов, К.И.Назаров, Б.Қ.Қабылов, С.А.Үсенов, Б.С.Бутенбаев, К.Ж.Әлімжанов, Н.А.Ахметов сынды бақандай 16 полковникті тәрбиелеп өсірген де осы жылғы түлектер. Ал лауазымдық дәрежеде атап айтар болсақ, Ю.Асқаров, К.Альзахов, А.Балабанов, А.Рахметов өңірлік қолбасшылықтарда әскерлер қолбасшыларының



КУНУРОВ РУСЛАН

орынбасарлары лауазымдарын абыроймен атқара білді.

Ғылым саласында да ерекшелене білген түлектер бар. Бұл күнде құрметті демалысқа шыққан полковниктер С.Үсенов пен М.Галямовтың алғашқысы Ұлттық Қорғаныс университетінің Ракета әскерлері және артиллериясы кафедрасының доценті лауазымын, ал екіншісі Жоғары оқу орындарынан кейінгі білім басқармасының бастығы болған. Үсенов әскери ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), ал Галямов – акредиттелген философия докторы (PhD), профессор (доцент).

Біз білетін ғана 9 офицер Мемлекеттік наградалармен марапатталған. (Кейбірін білмей жатсақ, алдын ала кешірім сұраймыз – автор). Солардың ішінде полковник Берік Қабылов (марқұм) «Айбын» орденінің толық кавалері. Генерал-майор Д.Оспанов II дәрежелі «Даңқ» және II дәрежелі «Айбын» ордендерін омырауына тақты. Генерал-майор Д.Адырбеков II дәрежелі «Айбын» орденімен, авиация генерал-майоры Р.Кунуров II дәрежелі «Айбын» орденімен және «Жауынгерлік ерлігі үшін»



ҚАБЫЛОВ БЕРІК

медалімен марапатталған. Полковниктер Ю.Асқаров пен Н.Байдуллаев та дәл осындай қос награданың иесі. Одан басқа Ж.Құтжанов, М.Каримов, М.Хамзин сияқты полковниктердің де омырауында II дәрежелі «Айбын» ордендері жарқырап жүр.

ҚР ҚК түрлері мен тектерінде қолбасшы және бригада немесе авиациялық база командирлері лауазымын абыроймен атқара білгендердің қатарында Д.Оспанов, Д.Адырбеков, Р.Кунуров, Ю.Асқаров, Б.Қабылов, Ж.Құтжанов, М.Каримов, Н.Байдуллаев, Б.Бердиев, М.Хамзин, Н.Ахметов (соңғысы қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы) және басқа генералдар мен офицерлердің есімдері мақтанышпен аталады.

Екі офицер (Д.Оспанов, К.Еспагамбетов) ТМД шекарасын қорғау бойынша тәжік-ауған шекарасындағы қақтығыстарға, екі офицер (Б.Қабылов, Ж.Құтжанов) Ирактағы бітімгершілік операцияларына қатысып, арнайы мақсаттағы жасақтың командирі лауазымын жоғары жауапкершілікпен атқара білді. Бейбіт күнде қолына қару ұстау, «ыстық нүктелерде»



БУТЕНБАЕВ
БАУЫРЖАН

қызмет ету жай сөзбен айтуға ғана оңай. Ал іс жүзінде олар жергілікті халықтың аман-саулығына, қауіпсіздігіне, оларға әлеуметтік және медициналық көмектер көрсетуге айтып жеткізе алмайтын еңбектер жасады.

Полковник Ю.Асқаров 2013-2022 жылдар аралығында Халықаралық армия ойындары конкурсына ҚР ҚК құрама командасын танкшілер биатлоны бойынша дайындауға тікелей атсалысқан. Өңірлік әскерлер қолбасшысының орынбасары басқарған қазақстандық танкшілер құрама командасының екі рет 2-ші орын және төрт рет 3-ші орын алғанын да мақтанышпен атап




АЛЬЗАХОВ ҚАЙРАТ

өтуге тиіспіз.

ҚР Ішкі істер министрлігіне қарасты полк командирінің орынбасары полиция полковнигі А.Боташевтің Дипломатиялық үкіметті қорғауда атқарған қызметі өзгеден ерек. Халықаралық мемлекеттік кездесулердің, іскерлік байланыстардың жоғары деңгейде ұйымдастырылуы осындай азаматтардың кешенді қызметінің арқасында жоғары деңгейде өтеді.

ҚР ІІМ Ұлттық ұланы авиация басқармасының бастығы лауазымынан құрметті демалысқа шыққан полковник Б.Бутенбаев ұшақтардың 10-нан артық түрін меңгерді. Экипаж



ЕСПАГАНБЕТОВ
ҚАЙРАТ

командирі ретінде Сирияға (САР) гуманитарлық көмектер жеткізді. Жауынгерлік тапсырмаларды орындау нүктелеріне Ұлттық ұланның жеке құрамын жедел жеткізе білді. «Қаңтар-2022» кезінде де офицер білімі мен іскерлігін көрсете білді.

Әскери ұшқыш полковник М.Каримов – өзінің көптеген әріптестері сияқты Ан-24 ұшағымен тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовті, одан басқа да әскербасыларының көпшілігін тасымалдаған маман. Сонау 1993-1995 жылдарда тәжік-ауған шекарасында қызмет еткен қазақстандық бітімгерлерді



АХМЕТОВ НЫФМЕТ

тасымалдаған, Сирия араб республикаларынан Қазақстан азаматтарын шығару бойынша бірінші «Жусан» арнайы операциясына қатысқан. Сондай-ақ пандемия кезінде алыс және жақын шет елдерде қалған Қазақстан азаматтарын туған елге тасымалдауда ерекше іскерлік көрсеткен білікті маман.

Подполковник Т.Тәжікбаев – әуе суднасының 5 түрін меңгерген ұшқыш. Әлемдегі ең үлкен тікұшақ саналатын Ми-26 әуе суднасының командирі болған алғашқы қазақ (жергілікті ұлт өкілі). Өз ісінің шебері, іскер азамат авиабаза командирінің орынбасары лауазымынан құрметті демалысқа шыққан. Білікті маман бүгінгі таңда «КАЗАВИАСПАС» АҚ-да Ми-26 тікұшағының ұшқыш-нұсқаушысы болып қызмет атқарады. Қырғызстан (2015) және Ресей Федерациясындағы (2020) табиғи апатты жоюға ерекше көмек көрсеткендердің бірі.

Үздік авиациялық базаның командирі полковник Н.Байдуллаевтың да есімі мақтаулы мамандар қатарында аталады. Ұшқыш Ми-2, 8, 17, 26, 35М тікұшақтарын меңгерген. Алғашқылардың қатарында Ми-17 тікұшағын ұшыруды игерді. 2000 жылы көрші



АСКАРОВ ЮРИЙ



БАЙДУЛАЕВ НҰРЛАН



ИМАНБЕРДИЕВ
ЕРЖАН



Қырғызстан Республикасының Жалалабад облысында бандиттік құрылымдарды іздестіру мен жою бойынша жауынгерлік тапсырмаларды орындаған. «Авиадартс» халықаралық жарысына қатысушы ұшқыштарды әзірлеген. 2022 жылы ол басқарған ҚР Қорғаныс министрлігінің тікұшақ авиатобы Абай облысындағы орман өртін өшіру барысында ерекше шеберлік көрсетті.

Тағы бір азаматты елден бөле ерекше құрметпен атап өткіміз келеді. Ол – Түркістан облысы, Сарыағаш ауданының Құрметті азаматы, танымал кәсіпкер, меценат Е.Иманбердиев.

Ержан Жорабекұлы шен тағып, шекпен кимеді. Бірақ Шымкенттегі арнайы мектепті жақсы оқып бітіріп, кейін Отан алдындағы азаматтық борышын өткеруде Куйбышев қаласында бастаған. Алты айдан соң мерзімді әскери қызметін сонау Германияда

жалғастырған. Тәуелсіздік туын көкке көтеріп, еліміз әлем елдерімен иық тірестіре бастаған 1990 жылдардың басында Ерекең кәсіпкерлікті таңдады. Сөйтіп, сол бір сүрең жылдардан бастап туған елінің өндірісін дамытуға бір адамдай атсалысып келеді. Заман талаптарына сай бірнеше жоғары оқу орындарында білім алды. «Оңтүстік таңы» халықаралық сауда-өндірістік компаниясын құрды. Ол еліміздегі ең үздік салық төлеуші өндіріс орны болып танылды. «Белес» спорт клубын және күзет мекемесін құрды. «Алып» сауда қалашығын, «Саякент» тұрғын алабы кешенін құрды.

Бір сөзбен айтқанда, 200-дің айналасында адамдарды жұмыспен қамтып отыр. Қаншама адамдарға әлеуметтік, гуманитарлық көмектер беріп, елдің алғысын алуда. Ел алдындағы еңбектері еленіп, жоғары атақ-дәрежелер де алды.

Бірақ іскер азамат үшін атақ емес, абырой жоғары тұрады. Сондықтан өз атына мақтау-мадақтаудан гөрі, сыни көзқарастың, әділ сөздің айтылғанын қалайды.

Сөз соңында, тағы бір нәрсеге тоқтала кетейік. Республикалық «Жас ұлан» мектебінің 40 жылдық мерейтойына дайындық кезінде Ержан ініміз Ұйымдастыру тобына жетекшілік етті. Өзінің атынан ғана 1 млн теңгеге сыйлық ұсынды. Одан басқа қаншама іс-шараларға жоғары жауапкершілікпен, ұқыптылықпен абырой биігінде үлес қосты. «Барды – бар» деп айта білген абзал. Ерекең өзімен бірге оқыған түлектерді де бір ортаға біріктіре білді. Оның жай сөзді қаламайтындығы, не нәрсені іспен дәлелдей білетіндігі, сөзге де, іске де шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті алтын уақытты бағалай білетін іскер маман екендігін сөзсіз

дәлелдеді.

Әнеукүнгі бір кездесуімізде көпшіліктің атынан сөз алған мектептің №1 генералы Дәулет Рысқұлбекұлы Оспанов кез келген уақытта «Дос» деген құрметті атаққа лайықты осындай курстасының, осындай досының қандай мақтауға да лайық екенін баса айтты.

Міне, кешегі «Жас ұлан» мектебінен қанат қаққан бір жылғы түлектердің ғана жетістіктері осындай. Ал мұндай жетістіктер барлық курста бар. Біз жаңадан ашылған Шымкенттегі әскери колледждің болашағына бұдан да биік толайым табыстар тілейміз. Түлектерінің барлығы өз заманында «темір генерал» атанған батыр аталары Кеңес Одағының Батыры генерал Сабыр Рақымовтың өнегелі өмірін үлгі тұтып, тәуелсіз Қазақстанның лайықты Отан қорғаушылары болады деп сенеміз.

Марат ЖҮНИС-БЕК





ИСКУССТВО ТОЧНОСТИ И ТЕРПЕНИЯ

В СРЕДНИЕ ВЕКА ДЛЯ ВЕДЕНИЯ СРАЖЕНИЙ БЫЛО НЕОБХОДИМО МНОГО ОРУЖИЯ. СОГЛАСНО ПИСЬМЕННЫМ ИСТОЧНИКАМ, ПРИ ХАНСКОЙ СТАВКЕ СУЩЕСТВОВАЛИ СПЕЦИАЛЬНЫЕ МАСТЕРСКИЕ И АРСЕНАЛЫ ДЛЯ ЕГО ХРАНЕНИЯ. ТАКИЕ МАСТЕРСКИЕ НАЗЫВАЛИСЬ «КОРХАНА», ЧТО БУКВАЛЬНО ОЗНАЧАЛО «ОРУЖИЕ».

Для работы в подобных мастерских приглашались мастера-ремесленники со всех регионов страны. В письменных источниках упоминается о множествах ханских арсеналов. Во времена Эмира Тимура в оружейных мастерских в Самарканде работали пленники из разных стран, которые трудились над изготовлением шлемов и оружия. В «Уложении

Тимура» сказано: «Множество ремесленников привел в свой столичный град из различных стран, и определили им место при дворе, дабы готовили ратникам необходимое для походов и стоянок снаряжение».

Как указывают исторические летописи, подобные мастерские встречались в средневековых городах Казахстана. К примеру, в книге Вильяма де

Рубрука автор пишет о некоем городе Болат, где «копают золото и делают оружие».

В эпоху Казахского ханства центры производства оружия находились в южных и центральных регионах, близ Сырдарьи и в Семиречье. Оружие, произведенное в этих центрах, продавалось на рынках крупных городов Средней Азии. Согласно описаниям, там можно было найти «крепкие луки и березовые стрелы», созданные казахскими оружейниками.

С распадом кочевых империй на небольшие ханства, города постепенно пришли в упадок, и традиция иметь в Ставке оружейные мастерские также сошла на нет. Однако, по сведениям некоторых источников, во

время восстания Кенесары Касымова в его Ставке находилась оружейная мастерская, в которой работали представители разных национальностей (башкиры, узбеки, казахи). В XIX веке центром оружейного производства оставался город Туркестан, что свидетельствует о сохранившихся оружейных традициях.

Исторические данные показывают, что помимо стационарных мастерских у кочевых народов были также степные мастерские. В иранских письменных источниках XVI-XVII веков можно найти описание того, как работают оружейники в походных условиях. К примеру, в одной из миниатюр мастера,



изготавливающие кольчужные доспехи, работают в полевых условиях, на открытом воздухе.

На другой миниатюре, изображающей процесс изготовления оружия и доспехов, кузнецы работают сидя на земле. Именно так и работали мастера у кочевников. Таким же образом до начала прошлого столетия работали кузнецы-ювелиры. Типичные для кочевников кузнечные орудия, такие как парные кузнечные меха для раздувания огня, устанавливались на деревянную чурку, которая была предназначена для работы на земле.

Судя по лингвистическим исследованиям, ранее в тюркском языке существовало несколько обозначений мастеров-оружейников. Так, для обозначения человека этой профессии

использовалось турецкое слово «джебечи», что можно перевести как «доспешник».

Другое определение идет от названия села Кубачи. В дословном переводе название переводится как «место, в котором живут производители доспеха кобе». В прошлом это место носило персидское название «Зирхгеран», что от слова «зирхгер» переводится как «изготовитель доспехов».

В современном казахском языке есть слово «зергер», которое переводится как «мастер-ювелир», создающий украшения из цветных металлов. Этимологию данного слова связывают с арабским словом «зер» и объясняют его значение как «золотых дел мастер». В прошлом же слово «зер» обозначало мастера-изготовителя кольчужного доспеха. С падением спроса на оружие казахские зергеры

занились производством женских украшений, а первоначальное значение слова стало постепенно забываться.

В основном оружие изготавливали из металла. В этой связи наряду с оружейником еще одной главной фигурой был кузнец. По сведениям российских историков, в XIX веке казахские мастера-зергеры изготавливали кинжалы, копья, пики, пояса и другие изделия. В музеях хранится коллекция вооружения, изготовленного казахскими мастерами.

Медь и латунь использовались казахскими мастерами для изготовления деталей ножен, доспехов, шлемов, которые затем покрывались узорчатой гравировкой, резьбой, декорировались серебром и золотом.

Драгоценные металлы, неподдающиеся коррозии, такие как золото и серебро, часто использовались казахскими мастерами-оружейниками в качестве украшения предметов оружия.

Сыромятная и выделанная кожа использовалась для изготовления колчанов и щитов; кожей обтягивались ножны сабли, шашки, кинжала, ножа, рукоятка топора.

Сухожилия использовались для изготовления тетивы, а сухожильные нити были очень прочными и использовались для шитья.

Кость также была сырьем для изготовления оружия. Как правило, казахи применяли кости лопатки, ребер и бедренные кости животных. Из костей казахские мастера изготавливали обкладки для рукоятки сабли, кинжала, наконечники для стрел.

В процессе изготовления оружия казахские оружейники использовали все средства. Например, зная о водостойких свойствах бересты, мастера использовали ее для покрытия оружия. Кроме того, для инкрустации оружия казахи часто применяли бирюзу.

Основными техниками изготовления оружия быликовка, литье, штамповка. Техникаковки изготавливались головки топора, клинки, сабли, шпаги. Техника литья из чугуна казахи изготавливали головки булавы.

Традиционное обмундирование казахских воинов имело сложную систему как наступательного, так и оборонительного вооружения. Зачастую, от качества вооружения зависел исход боя.





К метательному оружию относятся лук и стрелы. Рубящее оружие состояло из боевых топоров (балта, шақан), а также различных видов секир – айбалта. Колющее оружие представлено копьями – найза. Ударное оружие включало различные виды палиц, дубин и булав.

Казахи говорят «Ер қаруы – бес қару», что означает «воин владеет пятью видами оружия». Данное высказывание обозначает, что в зависимости от хода боя казахский батыр может применить любой из перечисленных видов оружия. Кроме того, пять видов оружия служат неким символом воинской власти, и определяет воинский ранг.

В качестве защиты казахские батыры использовали щит – қалқан, доспехи – сауыт, шлем – дулыга. Последние были самыми разнообразными – с козырьками и насечкой серебром, с сеткой или орнаментированным чехлом. Наилучшим считался шлем типа «кулахуд», отличавшийся своей своеобразной неглубокой тульей, острым шпилем-навершием на макушке шлема и двумя втулками над налобной частью шлема для крепления украшения, которые подчеркивали знаки отличия воинов и указывали на его воинское звание. К примеру, на шлемах выдающихся батыров можно было наблюдать украшения кистями или лентами из конского волоса – шашақ.

Для защиты в бою казахские батыры использовали кольчатые доспехи, что подтверждается различными письменными и изобразительными источниками. Среди них наиболее распространенным



видом защитного обмундирования была кольчуга – кереуке сауыт. Данная кольчуга представляла собой рубашку, сшитую из мелких железных колец. Рубашка была с короткими рукавами и квадратным воротом. Другим подобным видом защитного доспеха была рубашка, изготовленная из крупных плоских железных колец, которую казахи называли «бадана сауыт».

Однако такого рода доспехи были сложны в изготовлении, поэтому мастерам необходимо было найти новый способ изготовления доспехов. Найденным решением стали тонкие и узкие железные пластинки, заменившие тысячи колец. Данный вид доспехов казахи называли «зере сауыт» или «доспех зере», что в переводе означает «панцирь из железных колец».

Изготовлением некоторых видов оружия занимались сами воины, то есть оружейное дело было составной частью военного

искусства, которое обязан был освоить каждый воин. К примеру, Барак батыр, живший в XIX веке, не только искусно владел саблей и стрельбой из лука, но и был мастером по ковке железа и обработке дерева.

Один из соратников Кенесары хана Жанбыр батыр улы Тускенбай был великолепным мастером-кузнецом, изготавливающим доспехи и оружие. Стоит отметить, что даже древнетюркские правители были обязаны освоить оружейное дело. Так, Мухаммед Хайдар Дулати, видный военачальник, живший в XVI веке, писал:

«Я отличался среди сверстников, став лучшим и искусным в



письме, грамоте, поэзии, стилистике, в рисовании и в золочении, а также в остальных ремеслах, как то: в инкрустировании, резьбе, в орнаментировании, в изготовлении попон, строительстве, столярном деле и в других ремеслах, изложение которых было бы длинно. И я стал настолько искусным во всем этом, что мастера этих ремесел не годились мне в ученики, и все это благодаря поддержке хана...».

Различные исторические источники свидетельствуют, что казахские кузнецы и зергеры в степных условиях умели изготавливать почти все виды боевого оружия – доспехи, шлемы, сабли, шпаги, луки и стрелы, а также многое другое.

Секреты кузнечного ремесла и ювелирного дела у казахов передавались из поколения в поколение. Как итог, накопился огромный практический опыт, который помог сохранить всю красоту этих видов искусства.

Нариман ДҮСЕНОВ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӘРЕЖЕДЕГІ СПОРТ ШЕБЕРІ БЕКЖАН ТӨЛЕПОВ:

«БАҒЫНДЫРАП БЕЛЕСТЕРІМ КӨП»

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ДҮБІРЛЕТКЕН V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ҚОРЖЫНЫМЫЗҒА 8 АЛТЫН ТҮСТІ. ЖАРЫСТЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІНЕН-АҚ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА БАЛУАНДАРЫ ЕПТІЛІКПЕН КӨЗГЕ ТҮСТІ. СЫҢҒА ТҮСКЕН БАРЛЫҚ БАЛУАНДАРЫМЫЗ АЙТУЛЫ САЙЫСТА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ. СОНЫҢ БІРІ – 55 КГ САЛМАҚТА БЕЛДЕСКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ, ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТШІСІ БЕКЖАН ТӨЛЕПОВПЕН ШАҒЫН СҰХБАТТАСУДЫҢ ОРАЙЫ КЕЛГЕН ЕДІ. ТӨМЕНДЕ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАМЫЗ.

– Бекжан Әлімжанұлы, алғашқы күннен-ақ қоржынымызға алтын түсірдің. Қуанып жатырмыз, құтты болсын! Финалда қырғызстандық Кимал Оболбековты қапы қалдырдың. Жалпы қарсыластармен белдесу қиынға соқпады ма?

– Өздеріңіз білесіздер, мен 55 кг салмақ дәрежесінде бақ сынастым. Бірінші кездесуімде грузин балуанымен күрестім. Ол – дзюдо күресінен әлем чемпионатының қола жүлдегері. Және де қазақ күресінен Еуропа жеңімпазы. Одан кейінгі жартылай финалдағы қарсыласым – өзбек балуаны. Ол да осал емес. Қазақ күресінен 2023 жылы өткен Азия чемпионатының жеңімпазы. Екеуі де мықты. Бірақ айқын басымдықпен жеңіске жеттім. Ал ақтық айқастағы сіз айтқан

қарсыласым Кимал Оболбеков – қырғыз елінің балуаны. Ол – самбо күресінен әлем чемпионатының күміс жүлдегері. Бәрі бірдей кіл мықтылар дер едім.

– Өзің осы кіл мықтылардың арасына қалай келіп қалдың? Қашаннан бері осы спорт түрімен айналысасың?

– Қазақ күресімен 2007 жылдан бастап айналысып келе жатырмын. Оған себепкер – өз әкем Әлімжан Тұрғанбаев. Алғашқы бапкерім де осы кісі. Тәлім-тәрбие беріп, күрестің қыр-сырын меңгертуге әкем барын салды. Мұнан соң тәлімгерлерім Мейрамбек Тәжібенов, Болатбек Кенеевтер



жаттықтырды. 2020 жылдан бастап ҚР ҚМ Орталық спорт клубының спортшылар құрамына кіріп, қазір осында жаттығып жүрмін.

– Біздің әскери салада жүріп, алғашқы жеңіске де қол жеткізіпсің. Сол кез есінде ме?

– Әрине, ондай ерекше сәт естен кетпейді. Румыния елінде әлем кубогының жеңімпазы болдым. Сол жылдары қазақтың көк Туы көкке көтерілді. Барлық спортшының есінде қалатын кез деп айтар едім. Бір минуттық Әнұранымыз шырқалып, Туымыз



көкке көтерілгенде оның артында қаншама жылғы еңбек жатыр. Оған дейін талай жарақат аласың.

Мәселен, осы сайыс алдында Қазақстан кубогы кезінде 60 кг салмақ дәрежесінде күресемін деп, иығымды сындырып алған жайым бар. Арада бір жарым ай демалып, қайта сынға түсіп, жеңіске ұмтылдым. Бірақ жеңіс тұғырынан көрінген кезде осы қиындықтың бәрін ұмытасың.

– Талай сында бақ сынап, бірнеше мәрте жеңіс тұғырына көтеріліпсің. Бүгінде 2022 жылғы Әлем чемпионатының, одан бөлек әлем кубогының екі дүркін жеңімпазысың. Енді келіп, елімізде өтіп жатқан V дүниежүзілік көшпенділер ойынының алтын иегері атанып отырсың. Бұл айтулы шараның куәгері ретінде пікіріңді білсек...

– Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – этникалық, дәстүрлі спорт түрлері бойынша халықаралық жарыс. 2014, 2016 және 2018 жылдары алғашқы ойындар Қырғызстанның Шолпан ата қаласында өткен еді. 2022 жылы Түркияның Изник шаһарында төртінші Дүниежүзілік ойындар ұйымдастырылды. Енді міне, қыркүйектің 8-інен бері біздің елімізде төрткүл дүниені көз тіктірген көшпенділер ойыны болып жатыр.

Соның аясында қазақ күресінен сайысымыз Астанадағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында өтті. Оған 40 мемлекеттен 300-ге жуық спортшы қатысты. Ақтық кезеңге өткен ұлттық құрамдағы сегіз балуан аянып қалмадық. Сегіз салмақ дәрежесінде белдесіп, жүлдегер атанып, ел мерейін



үстем еттік. Жалғыз мен ғана емес, ерлер арасында Мейіржан Берекетов (60 кг), Дидар Тұқышов (66 кг) және Жұмажан Қожамбеков (74 кг) алтыннан алқа тақты. Ал әйелдер арасында Айжан Жылқыбаева (48 кг), Назерке Азаматова (52 кг), Рауза Нұрмахамметова (56 кг), Бақыт Қуссакбаева (60 кг) жеңімпаз атанды. Бұл – қазақ халқы үшін үлкен мәртебе.

– Иә, ел мәртебесін көтеріп жүрген сіздердей азаматтарды мақтан тұтамыз, қолдаймыз. Алайда, жақын адамдардың қолдауы ерек қой...

– Оныңыз рас. Қолдау көрсетіп келген отбасым, достарымның арқасында күш-жігерім тасып, намысты қолдан бермеуге тырыстым. Осы орайда алтын уақыттарын бөліп, арнайы Астанаға келген Райымбек, Мейіржан бауырларыма, Дәурен, Дінмұхаммед, Ержан ағаларыма, бір туғаным Нұржан ағама алғысым шексіз. Және де осы ҚР ҚМ Орталық спорт клубының басшысы Арман Әбеуов мырзаға, бапкерлер Асан Мәмбетқұлов, Ғұмыр Қырғызбаев ағаларымызға, ұлттық құрама бас бапкері Фани Келдіғұловтар бізге қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіп, қолдау білдірген еді.

Оларға да ризашылығымды білдіремін.

Оған қоса, тыңғылықты дайындығымыз да жеңімпаз болуыма әсер етті. Қазақстанның 4 қаласында, Қырғызстан мен Грузияда, әртүрлі аймақтарда оқу-жаттығу жиынын өткіздік. Бұл біз үшін таптырмас тәжірибе болды.

– Елден, шетелден алған сол тәжірибеңді шәкірттеріңе үйретіп жүрген боларсың?

– Иә, біреу білсе, біреу білмес, Батыр атты жеке қазақ күрес спорт клубым бар. Онда 70-тей жас тәрбиеленіп келеді. Оларға білгенімді үйретіп, тәжірибеммен бөлісіп жүремін. Арасында республикалық, облыстық жарыстардан жүлделі орын алып, жеңімпаз болып жүрген балуандарым бар. Мысалы, ағайынды Жарқынбектер, тағы

бір ағайынды Қапановтар, Бекзат Оразбай сынды шәкірттерімнен үлкен үміт күтемін. Әр шәкіртімнің жеңісін көргенде төбем көкке жетіп, бір марқайып қаламын.

– Отбасы жайында айтып өтсең...

– Біз төрт ағайындымыз. Үйдің үшінші баласымын. Бағана айтқанымдай, әкем спорт саласына қатысы бар адам, ал анам тігіншілікпен айналысады. Өзім осыдан үш жыл бұрын шаңырақ құрдым. Хамза есімді ұлды әкесімін. Шаңырағымыз ұлғайып, екінші сәбиіміз дүниеге келер күнді күтіп отырмыз.

– Алда қандай жоспар бар?

– Ендігі аптада Грузияға оқу-жаттығу жиынына барамыз. Дайындығымызды жалғастырып, ептілігімізді нығайтамыз. Өйткені қараша айында бізді тағы бір сайыс күтіп тұр. Үнді елінде қазақ күресінен әлем чемпионаты өтеді. Ол жерде Қазақстан намысын қорғайтын боламын. Яғни, біздің бағындырар белесіміз әлі көп.

– Онда ақжолтай хабар күтеміз. Жеңісті, қуанышты күндерің көп болсын! Шаңырағың шаттыққа тола берсін!

**Сұхбаттасқан
Рима БІЛӘЛҚЫЗЫ**



«Қуатты армия –
Жаңа Қазақстан»



АІВҮН



2024